



Қазақ тілі - мемлекетіміздің барлық азаматтарын біріктіруге қуатты.

Нұрсұлтан Өбішұлы Назарбаев

Аса қадірлі біздің ұстаздар!

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» - дегендей, Ұстаздар, әр шаңырақтың үміт күткен ұл-қыздарына білім мен өнерді, адамгершілік пен адалдықты, туралық пен шыншылдықты, рухани байлық пен ұлттық қасиеттерді ұғындырып, оларды педагогикалық дарыны бар, шығармашылық, кәсіби тәсілдерді жетік меңгерген және жаңалыққа құштар жан-жақты тұлғалы азамат етіп қалыптастыруда Сіздердің үлестеріңіз орасан мол.

Сіздердің осы бағыттағы еңбектеріңіз жана берсін!

Санаға ақыл ұялататын, арманды алдан қиялататын, өмірді ұғынуыңа себеп болатын, әр кезде аялайтын, тұлғалық табиғатын мәңгілік қалдыратын, ұғымы ұшар биікпен пара-пар Ұстаздар, өздеріңізді осындай келбетіңізбен біз мәңгі үлгі тұталымыз!

Сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, жаңа шығармашылық табыстар, отбасыңызға амандық тілей отырып, аттарыңызды әлемге паш ететін талантты да білімді шәкірттеріңіз көбейе берсін деген тілегімізді жолдаймыз!

Кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Ақ тілекпен, сүйікті шәкірттеріңіз

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде 6-қыркүйек күні «Академиялық ұтқырлық және оны жүзеге асыру жолдары» атты баспасөз-мәслихаты өтті. Баспасөз мәслихатын университетіміздің бірінші проректоры Тасмағамбетов Өсет Сембайұлы ашып, «Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарындағы білім алушылардың академиялық ұтқырлығы» тақырыбында баяндады. Қазақстанның «Болон» жүйесіне кіруі қазақстандық оқу орындары үшін үлкен мүмкіндіктерге жол ашуда. Соның ішінде атап өтерлік тұсы: оқу орындарында студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығын дамыту болып табылады. Университетте осы мәселе бойынша бірқатар жұмыстар атқарылып жатқандығын, білім кеңістігінде бүгінгі таңдағы маңызды мәселенің бірі деп атап өтті.

АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ – білім беру үрдісіндегі зор мүмкіндік

Білім беру мен ғылым саласында академиялық ұтқырлықтың М. Өтемісов атындағы БҚМУ-да жүзеге асырылу барысынан хабардар етті.

Ақпараттық және білім беру технологиялар орталығының директоры Жүсіпқалиева Ғалия Хайдарқызы «М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде академиялық ұтқырлықты жүзеге асыру жолдары» тақырыбындағы баяндамасында академиялық ұтқырлық мәселесі, мақсат-міндеттері жөнінде тереңнен талдау жасады. Бүгінгі таңда университеттің шетелдің 46 оқу орнымен келісім-шартқа отырғандығын, өткен жылы Польша, Ресей, Түркия елдері университеттерімен және Қалмақ мемлекеттік университеті, Новосібір мемлекеттік университетімен байланыс орнатылғандығын және олармен бірлесіп атқарылар жоспарлар барысын атап өтті.

Баспасөз мәслихатына академиялық ұтқырлық мәселесі бойынша университетімізге арнайы сапармен келген Қалмақ мемлекеттік университетінің Халықаралық байланыстар жөніндегі бөлім жетекшісі Кермен Вальеревна Болаева өз студенттерімен, доктор Бернхард Динсберг (Бонн, Германия)



БҚМУ-дағы республикалық сенбілік шарасы

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігі қарсаңында ел ауқымында көптеген шаралар атқарылуда. 24 қыркүйек күні М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде Ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған республикалық сенбілік жұмысының ұйымдастырылуына орай митинг өтті. Ұйымдастырылып отырған сенбілік жұмысының бір ерекшелігі - оқу орнының студент жастары мен профессорлық-оқытушылық құрамының түгелдей жұмылдырылуы.

Бүгінгі сенбіліктің бір ерекшелігі - республикалық көлемде өтуін және Ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналуын ерекше ілтипатпен атап өткен университет ректоры Асхат Сәлімұлы Иманғалиев «сенбілік жұмысына белсене қатысу – туған қаламыздың жарқырап жайнауына, табиғат анамыздың тазалығына үлес қосу» деп түсіндірді.



Митинг барысында ардагер ұстаз Қалам Жұмашұлы Сүйіншәлиев сөз алып, студенттер мен оқытушыларды бүгінгі ерекше күнмен құттықтап, студент жастарды осы шараға белсене қатысып, істі жұмыла атқаруға шақырды. Университет аумағын тазарта отырып, студент жастарды өздері оқып, білім алып жүрген оқу ордасының тазалығына жауапкершілікпен қарауға үндеп, бүгінгі шараға қатысуға сәттілік тіледі.

«Қазақ филологиясы» кафедрасының доценті Ниязғалиева Ағзия Әділқызы да митингіге қатысушыларды Республикалық сенбілік күнімен құттықтады. Ағзия Әділқызы да студенттік шақтағы сенбілік жұмысына қатысып, ол кездегі «Лениндік сенбілік» атты шараға белсене қатысқандарын атап өтті. Ал бүгінгі сенбіліктің сол кезден ерекшелігі - Тәуелсіздіктің 20 жылдығы мерекесіне арналуы. Егемен елдің өрендері, тәуелсіз ел тізгінін ұстайтын жалынды жастарды осы сенбілік жұмысында шынайы ниетпен, патриоттық сезіммен жұмыс жасауға шақырды.

Митинг соңы мәдениет және өнер факультетінің оқытушысы Қайыржан Нұрмұхановтың «Атамекен» әнін орындаумен аяқталды. Тәрбие бөлімінің жетекшісі Мейрам Исатайұлы бастаған ұйымдастырушы оқытушылар мен студенттер тобы университет және қалалық көше аймақтарын тазалауға бөлінді.

БҚМУ-дың баспасөз қызметі

және Германия елінің Майнц қаласындағы Йоганес Гутенберг атындағы университеттің докторанты Зубков Владислав пен бір топ студенттер қатысып, өз ойларымен бөлісті.

Профессор Бернхард Динсберг «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығының студенттеріне «Ағылшын тілінің тарихы» тақырыбында, «Халықаралық қатынастар» бөлімінің студенттеріне «Германия Федералды Республикасындағы білім жүйесі» тақырыбындағы лекциялар оқып, неміс тілі бойынша практикалық сабақтар жүргізетіндігін, сонымен қатар «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығы бойынша оқитын магистранттарға кеңестер беру жоспарланып отырғандығын жеткізді.

Кеш барысында Халықаралық байланыстар жөніндегі бөлімнің үйлестірушісі М.Б. Барадосова, бөлім жетекшісі Ж.Т. Рысбекова, «Шет тілдерін үйретудің теориясы мен практикасы» кафедрасының меңгерушісі А.Г. Абухановалар өз ойларын ортаға салды.



Научно-техническим проектам ЗКТУ – Да!

Ректор ЗКТУ Иманғалиев Асхат Салимович принял руководителя управления переработки буровых отходов КПО Б.В. Рэй Гогана, а также ученых университета - доктора химических наук Мендалиеву Дину Кенжебековну, кандидата химических наук Кунашеву Зарипу Хайроллаевну.

Цель встречи – предварительная договоренность о совместном сотрудничестве в научно-производственном проекте по теме: «методы переработки буровых отходов на основе нефтяного карбонатного шлама».

Асхат Салимович выразил благодарность гостю за инициативу встречи и готовность со стороны вуза оказывать всемерную поддержку в данном проекте. Со своей стороны Рэй Гоган отметил научный потенциал и высокую квалификацию специалистов Западно-Казахстанского государственного университета, его материально-техническую базу, что, безусловно, будет способствовать плодотворной совместной работе. Рей Гоган подчеркнул, что он очень надеется на подписание контракта, который позволит не только профессорско-преподавательскому составу, но и студентам университета вести на базе КПО как научные, так и учебно-производственные работы.

Следует заметить, что подобные совместные проекты с иностранными компаниями – одно из приоритетных направлений в научной деятельности вуза, и соответственно необходимы для прохождения международной аккредитации университета.

Подтверждением серьезных намерений в этом отношении явилось то, что на днях группа ученых ЗКТУ им.М.Утемисова получили свидетельство-лицензию на проведение научных изысканий, что, безусловно, расширит возможности вуза по разработке совместных исследовательских проектов, направленных на социально-экономическое развитие региона.

Пресс-служба ЗКТУ им. М. Утемисова

12-13 қыркүйек күндері Ресей Федерациясының Астрахань облысы Астрахань қаласында Бөкей Ордасы құрылуының 210 жылдығына және Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған «Ресей және Қазақстан: шекаралық ынтымақтастықтың негізгі бағыттары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция оздырылды.

РЕСЕУ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН: ШЕКАРАЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ

Бұл шараны Ресей Федерациясындағы Қазақ мәдениетін дамыту қоры, «Жолдастық» атты қазақ мәдениетін дамытудың Астрахань облыстық қоғамы, Астрахань облысы губернаторының әкімшілігі, Астрахань мемлекеттік университеті ұйымдастырды. Аталмыш шараға Қазақстан Республикасынан белгілі ғалымдар қатысып қайтты. Олардың ішінде Павлодар қаласынан профессор Г.Н.Иренов, Ақтау қаласынан саясаттанушы К.Н.Иренов, Орал қаласынан М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ғылыми жұмыс және халықаралық байланыс проректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Ә.Қ.Мұқтар, ғылыми-зерттеу жұмыстары бөлімінің жетекшісі, тарих ғылымдарының кандидаты С.М.Гиззатов болды. Біздің білім ордамыздың ғалымдарының айтулы шараға қатысуына М.Өтемисов атындағы БҚМУ ректоры А.С.Иманғалиев қолдау көрсеткен болатын.



Конференцияға Астрахань облысының тұрғылықты қазақтары да атсалысты. Осы орайда бұл облыста 150 мың қазақтардың мекендейтіндігін айта кеткен жөн. Олардың барлығы дерлік 1801 жылы Бөкей ханмен Жайықтың оң жақ бетіне өткен ата-бабаларымыздың ұрпақтары. Сондықтан конференцияның пленарлық мәжілісінде профессор Ә.Қ.Мұқтар «Еуразия тарихындағы Бөкей ханның рөлі» тақырыбында баяндама жасады.

Сонымен қатар конференцияның ашылу салтанатына Астрахань облыстық губернаторы әкімшілігінің жетекшісі К.З.Шантимиров, Астрахань мемлекеттік университетінің ректоры А.П.Лунов, Ресей Федерациясындағы Қазақ мәдениетін дамыту қорының төрағасы Н.С.Искаков қатысып, шараға қатысушыларды құттықтады. Әсіресе, жат жерде қазақ мәдениетін жандандырып, қандастарымыздың басын біріктіріп жүрген Н.С.Искаковтың орны ерекше. Өйткені Астрахань облысында күйші Құрманғазы бабамызға, хан Бөкей Нұралыұлына кесене, ескерткіш ашып, мұражай жасақтауда өлшеусіз еңбек сіңірді.

«Бір ел – бір кітап» Ж. Аймауытовтың «Ақбілегін» таңдады

Биыл жыл кітабы ретінде Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романы таңдалып облысымызда игі шаралар атқарылуда. Соның айғағы ретінде М. Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде «Бір ел - бір кітап» республикалық акциясы аясында «Қазақ прозасы және ұлттық идея» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

XX ғасыр басындағы қазақ прозасы, соның ішінде қарымды қаламгер Ж.Аймауытовтың шығармашылығы жайында баяндамалар оқылды. Әдебиетші ғалымдар жазушының «Ақбілек» романын жан-жақты талдай отырып, романның қазақ прозасына әкелген жаңалығы мен жазушының қаламгерлік шеберлігі төңірегінде ой бөлісті. Профессор С.Шарабасов «Қазақ прозасының төлбасы» тақырыбындағы баяндамасында «Ақбілек» романының тақырыптық-идеялық ерекшелігіне талдау жасады. Филология ғылымдарының кандидаты, доцент З. Мүтиев Ж. Аймауытов шығармаларындағы кейіпкерлердің рухани әлемі жөнінде байыпты талдау жасап, магистр-оқытушы Г. Тұрғаналиева жазушы туындыларының тілдік сипатына, оның ішінде тұрақты сөз тіркестерінің қолданысына тоқталды.

Қазақ прозасындағы көркемдік-идеялық ізденістер мен Ж.Аймауытовтың роман жанрына әкелген жаңалықтары төңірегінде айтар болсақ, Ж. Аймауытовтың «Қартқожа» романында негізінен баяндау мен суреттеуге күш салса, «Ақбілек» романындағы көркемдік әдіс-тәсілдер өзге. Қаламгер шығармасында көбіне кейіпкерлер психологиясына үңіледі, психологиялық талдауға барады.

Романның бас қаһарманы – Ақбілек. Ол бастан кешкен қиянаты мен қияметі бар қиын өткелдерді суреттеу үстінде характер жан-дүниесіндегі өзгерістердің бастаулары көрінеді. Оның іс-әрекетінің қозғаушы күштерін біртіндеп ашады.

Ж. Аймауытов романдарында көркем мазмұн жасау жолындағы көркемдік-идеялық ізденістер өрнегі көп



кездеседі, осы жолда қаламгер реалистік шарттылықпен қатар психологиялық талдауды шебер қолданатын, адам характерін жасау жолында психоанализді меңгере, шеберлікпен сәтті пайдаланатын Ж.Аймауытовтың психологиялық талдаудағы табыстары оның осы бағыттағы теориялық ізденістерден хабардар екенін, ерекше таланты мен шеберлігін байқататындығы айқын деп қорытынды жасауға болады.

Дөңгелек үстелге қатысқан студенттердің Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романынан оқыған үзінділері мен орындаған күйлері кеш сәнін кіргізді.

Ж. Молдағалиев атындағы облыстық әмбебап кітапхананың қызметкерлері қатысып, аталған акция аясында қолға алынған игі шаралар негізінде

қаламгердің «Ақбілек» романының электронды нұсқасы дайындалғандығын атап, студенттер қауымын жазушы шығармашылығымен терең танысуға шақырды.

Бірелге бір кітаптың жаппай ұсынылуы – білімнің қайнар көзі, асыл мұрамыз – кітапқа деген оқырмандар көзқарасын оятып, кітап оқу арқылы тәрбиелілікке үндеу негізін қалыптастыру. Қалың оқырман қауымға жаппай бір кітапты оқуға ұсыну – жылына бір кітапты оқумен шектелу емес, қаламгерлердің өміршең туындыларын жаңа көзқарастар тоғысында талдап, таразылау, ғылыми байламдар жасау, зерттеу мен зерделеу сынды биік мақсаттарды көздейтіні айқын.

М. Өтемисов атындағы БҚМУ-дың баспасөз қызметі

С

«Өрт – тілсіз жау» демекші, өртке қарсы күресті күшейту іс-шараларын өткізу – тілсіз жаудың алдын алу болып табылады. Өрт қауіпсіздігі мәселесіне университетіміз де басты назар аударып отыр. Осыған орай, Қазақстан Республикасының «Өрт қауіпсіздігі туралы» заңына және ережесіне сәйкес М.Өтемисов атындағы БҚМУ ректорының бұйрығы негізге алынып, №5 оқу ғимаратында қалалық өрт сөндіру қызметкерлерінің қатысуымен тактикалық оқу-жаттығу жұмыстары өткізілді. Өрт сөндіруден тактикалық оқыту және жаттығу жұмыстарын өткізу университет тарапынан Еңбекті қорғау, техника және өрт қауіпсіздігін сақтау инженері Қ.Ж.Қабасовқа жүктелсе, қалалық ӨСТЖД атынан майор С.Қ.Малаевқа тапсырылған болатын. Аталмыш шараға университеттің І проректоры Ә.С.Тасмағамбетов, оқу-ісі жөніндегі проректор м.а. Г.Қ.Жүсіпқалиева, шаруашылық қызметінің жетекшісі А.Ж.Нұрмашев, оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасының қызметкерлері қатысты.



Бұл оқу-жаттығу бағдарламасын өткізу үшін №5 оқу ғимаратының ұжымымен жан-жақты дайындықтар жүргізілді. Өткізілген шарада жетекшілерді жаттығуға дайындау, қауіпсіздік техникасын сақтау, өртке қарсы құрал-жабдықтардың дайындығын анықтау, өрт болған жағдайда 101 телефонына қоңырау шалу, өртке қарсы күрес қызметкерлері келгенге дейін өртті өз күшімен сөндіру, өрт кезінде зардап шеккен адамға алғашқы медициналық көмек көрсету секілді іс-әрекеттер жоспарлы түрде жүзеге асырылды.

Мұндай шаралар тұрғындарды өрттің алдын алуға, төтенше жағдай кезінде өзін қалай ұстауға және отпен күресуге үйретері сөзсіз. Адамдар қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында өтетін осындай дайындық іс-шаралары алдағы уақытта да жалғасын табары сөзсіз.

Қайырғали ҚАБАСОВ,

Еңбекті қорғау, техника және өрт қауіпсіздігін сақтау инженері



● Батыс Қазақстан облыстық тілдерді дамыту басқармасының ұйымдастыруымен 9 қыркүйек күні «Тіл – тәуелсіздік тұғыры» атты аудармашылар байқауы болып өтті.

Байқауға БҚО Құрылыс басқармасы, облыстық санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау департаменті, Орал қалалық соты мен колледждер, кәсіптік лицейлердің мамандары қатысып, «Ресми құжаттарды аудару», «Публицистикалық аударма», «Жаңа терминдер әлемі», «Сөзбе-сөз немесе ауызша аудару» сынды кезеңдерден сынға түсті. Тәуелсіздіктің 20 жылдығына орай ұйымдастырылып отырған бұл байқаудың негізгі мақсаты - мемлекеттік тілді насихаттау, аударма мен мемлекеттік тілде дайындалатын іс-қағаздарының сапасын арттыру.

Барлығы 15 маман қатысқан «Үздік аудармашы» сайысында біздің университетіміздің «Тілдерді оқытудың практикалық курсы» кафедрасының оқытушысы Қабощева Нәзира үздік шығып, I орынға ие болды.

● Жақында Ақтау қаласында өз кезеңінің бәлді жыршысы, дәуірінің әлеуметтік мәселелеріне үн қоса білген кең тынысты маңғыстаулық ақын Қашаған Күржімұлының туғанына 170 жыл толуына арналған аймақтық ақындар айтысы болып өтті.

Жыр дүлдүлі атанған Қашаған ақынның шығармашылық мұралары ұрпақтан-ұрпаққа жетіп келеді. Ұрпақ ұлағатына ұласқан жырау мұрасын насихаттау мақсатында өткен сайыста білім ордамыздың оқытушысы, белгілі айтыскер ақын Жансая Мусина бас жүлдені жеңіп алды. Ал екінші орынды университет түлегі Талғат Мықи иемденді.

● Қазақстан халықтары тілдері күніне орай Батыс Қазақстан облыстық тілдерді дамыту басқармасының ұйымдастыруымен Батыс Қазақстан гуманитарлық академиясының колледжінде Оралхан Бөкей атындағы облыстық көркемөз оқудан байқау болып өтті.

Республика көлемінде аталып өтіп жатырған бұл шараның біздің облысымызда да аталып өтілуі қуанарлық жай. О.Бөкейдің туғанына 170 жыл толуына арналған бұл байқаудың басты мақсаты - көркем әдебиетімізді жастарға кеңінен насихаттау болып табылады. Байқауға облыс көлеміндегі жоғары және арнайы оқу орындары студенттері мен мектеп оқушылары арасынан 20 сайыскер қатынасты.

«Прозалық шығармадан үзінді оқу», «Драмалық шығармадан үзінді айту», «Мәнерлеп өлең оқу» сынды кезеңдерінен сайыскерлер арасынан суырылып алға шыққан М.Өтемісов атындағы БҚМУ студенттері Таңшолпан Зайнуллина бас жүлдені жеңіп алса, Нұркен Әмірешев пен Шаттық Орынбаевалар да жүлделі орындарға қол жеткізді. Жүлдегерлер бағалы сыйлықтармен марапатталды.

● Білім ордасы қабырғасында факультеттердің студенттік декандарының сайлауы болып өтті.

Университетте 2005 жылдан өз бастауын алған студенттік өзі-өзі басқару орталығы студенттердің білімді, талапты, жаңалыққа жан-жақты болып қалыптасуына өз үлесін қосып келеді. Биылғы оқу жылының студенттік кешбасшылары - студенттік ректор болып қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінің 4 курс студенті Елдана Асылханова, студенттік президент міндетін атқарушы мемлекеттік және жергілікті басқару мамандығының 4 курс студенті Таженов Нұрлыбек, студенттік омбудсмен болып экология мамандығының 4 курс студенті Ешимова Жанбота, студенттік кәсіподақ төрайымы - қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 3 курс студенті Перғалиева Айжангүл және «Достық» орталығының төрайымы - тарих мамандығының 2 курс студенті Оборина Татьяна сайланды. Оқу орнының 11 бөлімдері мен колледждің де студенттік декандары студенттер қалауымен сайланған болатын.

ОБЪЯВЛЕНИЕ!

Приглашаем студентов, магистрантов и молодых преподавателей в психологический клуб «Пезаурус», который находится на педагогическом факультете. Встречи будут проводиться 2 раза в месяц по средам, в 15 часов. Первая встреча состоится 28 сентября в 15 часов в корпусе №7, ауд. 213. Тема встречи: «Психология реальной жизни».

19-20 қыркүйек күндері М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың Спорт сарайында «Қазақстан Республикасының Құрметті спорт қайраткері», белгілі ғалым Т.З.Рысбековтің ғылыми-педагогикалық еңбегіне 45 жыл толуына орай университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлері арасында дәстүрлі волейболдан турнир өткізілді.

Т.З.Рысбековтің жұлдесі үшін

3 жылдан бері тұрақты өткізіліп келе жатқан бұл жарыс биыл да өз жалғасын тауып, мерекеге айналғандай. Жарыстың негізгі мақсаты университетімізде волейболды дамыту және оны кеңінен тарату, салауатты өмір салтын насихаттау болатын.

Еліміздің Әнұраны орындалғаннан кейін салтанатты шарада университет ректоры А.С.Иманғалиев, облыс әкімінің орынбасары С.К.Сүлеймен, жарыстың бас төрешісі, «Ақ жайық» спорт клубының төрағасы Ж.С.Жәрдемөв сөз алып, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

2 күнге созылған жарысқа 8 командадан 100-ге жуық спортшы қатысып, қызықты ойын көрсетті. Жарыс қорытындысы бойынша мәдениет және өнер факультетінің командасы I орынға ие болып, экономика және басқару факультетінің командасы II орынға қол жеткізсе, университет өкімшілігі командасы III орынды қанжығаларына байлады. Жарыстың жабылу салтанатында сөз алған мерейтой иесі Тұяқбай Рысбеков ұйымдастыру алқасының шешімімен жеңімпаздар мен жүлдегерлерге кубоктар тапсырып, жанұясы атынан 8 командаға бағалы сыйлықтар табыс етті. Жарыста жақсы ойын көрсеткен үздік ойыншылар Азамат Дүйсенбаев (мәдениет және өнер факультеті), Эльеонора Баудиярова (экономика және басқару факультеті), Мерген Сүлейменовтер (университет өкімшілігі) бағалы сыйлықтармен марапатталды. Кәсіподақ комитетінің төрағасы Марат Даупаев Гүлжиһан Қайсағалиева (жаратылыстану-математикалық факультеті), Ботагөз Ибрашева (БҚМУ колледжі), Байжан Молдағалиев (педагогикалық факультет) сынды белсенді ойыншыларды ақшалай сыйлықтармен марапаттады.

Жарыс соңында жарыстың бас төрешісі Жұбанш Жәрдемөв барлық қатысушыларға, қаржылай көмек

көрсеткен БҚО Білім және ғылым кәсіподақ ұжымының төрағасы Г.Ж. Тұрғанәлиевке, университеттің кәсіподақ ұжымының төрағасы М.О.Даупаевқа және «Дене тәрбиесі» кафедрасының меңгерушісі М.Х.Темірғалиеваға зор алғысын білдірді және әр



сенбі күні жоспар бойынша өткізілетін университеттің оқытушылары мен қызметкерлеріне арналған денсаулық сағатына қатысуға шақырды.

«Тұяқбай Зейітұлының басшылығымен университет қабырғасында бірнеше спорттық сайыстар өтті. Дәстүрге айналған бұл волейбол ойыны да осы спорттық жарыстардың бірі болып табылады. Бұл шараның ұйымдастырылуының өзі әріптестерінің, шәкірттерінің ғалымға деген құрметі деуге болады», - дейді жарысқа қатысушылар.

Бірінші байлық – денсаулық, - дегендей салауатты өмір салтын насихаттауда университетімізде ұйымдастырылып өткізіліп жатқан осындай шаралар мен игі істер жалғасын табарына біз сенімдіміз.

Светлана ӘДІЛХАҢҚЫЗЫ

Немецкий язык изучаем в Европейском вузе

В этом году я участвовала в международной программе по обмену студентами и в течение летнего семестра проходила обучение в Германии в университете им. Йоханеса Гуттенберга (г. Майнц). В сентябре 2008 года между Западно-Казахстанским государственным университетом им. М. Утемисова и университетом им. Йоханеса Гуттенберга был подписан договор о сотрудничестве. Теперь наши студенты имеют возможность получить европейское образование.

Майнц представляет собой небольшой город на западе Германии, это столица земли Рейнланд-Пфальц. Университет, с которым мы сотрудничаем, носит имя Йоханеса Гуттенберга, человека, который в середине 15 века изобрел книгопечатание.

Университет Гуттенберга, с которым сотрудничает ЗКГУ, был открыт в 1477 г. Будучи единственным университетом в федеральной земле Рейнланд-Пфальц, он предлагает обучение по гуманитарным, естественным, социальным, юридическим, экономическим и медицинским специальностям.

Основной целью моей поездки было совершенствование немецкого языка. Занятия немецкого языка проходили очень интересно. Со мной в группе обучались студенты из разных стран мира – из Франции, Америки, Польши, Италии, Испании и др. Каждый из нас представлял культуру своего народа, но нас объединяло желание изучать немецкий язык. Совместно мы готовили доклады, презентации, представляли проекты. Основное внимание уделялось устному общению, так как только через общение можно овладеть языком. По окончании курса я сдавала комплексный экзамен, включающий в себя как письменную, так и устную часть, и получила отличную оценку.

Помимо этого я посещала и другие дисциплины, которые самостоятельно выбрала для изучения. Это были предметы по лингвистике. Студенты в Германии



сами составляют свое расписание и посещают интересующие их дисциплины. У меня была возможность посещать лекции профессоров, приглашенных в университет в качестве гостей из Великобритании, Норвегии и Франции.

Я очень довольна своей поездкой. Она дала мне опыт учебы в европейском вузе, возможность познакомиться с немецкой культурой. Я надеюсь, что в дальнейшем смогу продолжить свое обучение в Германии.

Елена ЗУБКОВА,

студентка 4 курса ЗКГУ им. Утемисова филологического отделения специальности «Иностранный язык: два иностранных языка»



Р
К
Е
Н



№ 11 (868) Қыркүйек 2011 жыл



3



В ЧЕМ СЕКРЕТ УСПЕШНОСТИ

ТУЙМЕШ ДАРИШЕВОЙ?



КРАТКАЯ БИОГРАФИЧЕСКАЯ СПРАВКА:

Туймеш Малбагаровна Даришева родилась 28 сентября 1961 года в п. Магаджан Актюбинской области. В 1985 году окончила Уральский педагогический институт им.А.С.Пушкина по специальности «учитель русского языка и литературы в национальной школе». В 1994 году защитила кандидатскую диссертацию в КазПИ им. Абая о принципах преемственности обучения русскому языку на материале сложного предложения. С 1998 года проректор по воспитательной работе Западно-Казахстанского государственного института им.М.Утемисова. Награждена Почетной грамотой МОН РК (2002), нагрудным знаком «Почетный работник образования Республики Казахстан» (2007) и др.

Мягкий свет фонарей в дымке еще прохладного раннего утра... Скромная дверь величественного здания... Звон шагов о железный пол... Из открытых дверей кабинетов слышатся мерные глубокие и бархатные голоса преподавателей, шелест переворачиваемых страниц, беззаботная юношеская болтовня студентов...

Западно-Казахстанский государственный университет им. М.Утемисова... ЗКГУ... Или просто – дорогой мой вуз... Ты начинаешь работу раньше всех, а заканчиваешь работать глубоко ночью, вместе со студентами, читающими в своих постелях огром-

от ақ мама – неиссякаемый оптимизм, трудолюбие, хозяйственность, хлебосолие. У Туймеш Малбагаровны есть уникальное качество – уделять человеку внимание. Внимание – это энергия. Когда кто-то одаривает тебя любящим взглядом, он даёт тебе пишу – эфирную пищу, когда кто-то говорит тебе добрые слова, он также оделяет тебя духовной пищей. Туймеш умеет находить самые нужные слова, чтобы поддержать тебя, возвысить, показать тебе твою же значимость. Это у нее от ақ мама.

Туймеш окружена энергией семейной любви и в зрелом возрасте – рядом с ней надежный и внимательный, остроумный и гостеприимный супруг – Муқанов Калиолла Тулегенович, окутанный аурой доброты и участия к людям.

Возможно, именно теплая семейная атмосфера сотворила чудо успешности проректора Даришевой Т.М.? Ведь когда у тебя есть счастье, ты можешь им поделиться, когда у тебя его нет, как ты им поделишься? Прежде чем чем-то делиться, нужно это иметь. Несчастливый человек всегда серьёзен, глубоко внутри болен, тревожен, а ведь когда человек живёт в страдании, ему каждый раз хочется разрушать. А Туймеш с ее искрящейся радостью и любовью к жизни наполнена счастьем, ведь тот, кто нашёл источник любви внутри себя, больше не нуждается в том, чтобы быть любимым – его все равно будут любить.

Нить Ариадны в лабиринте жизни

Внутренним взором охватываешь стайки «тусующихся» парней и девушек в городах и селах страны, подростков, засасываемых в бездумный водоворот компьютерных монстров, юных казашек, с ног до головы укутанных в черную длинную одежду, что исторически несвойственно для казахской женщины, – да мало ли проблем у сегодняшнего юного поколения!

Есть семьи, которых тревожат все эти проблемы, есть педагоги, пытающиеся предоставить молодому поколению возможность для выбора надежной дороги в жизни, но этих мер явно недостаточно. Кто поможет молодежи миновать больничные коридоры? Кто научит их преодолевать свои слабости, быть сильным, уверенным и не пасовать перед жизненными трудностями? Кто уведет ребят из подворотен и от религиозных песнопений в науку, в театры, на беговые дорожки?

Огромный потенциал заложен в воспитательной работе. И кто, как не главный «воспитатель» университета может это сделать? Чтобы студенческая молодежь пошла за тобой без принуждения и не разбежалась после первых же проблематичных моментов, самому педагогу надо быть личностью. Туймеш Малбагаровна умеет работать с молодежью, она работоспособна и трудолюбива, полна идей и творческих замыслов.

«Раньше мне было приятно слышать похвальные реплики в свой адрес после проведения мероприятий, а сейчас я понимаю, что ожидания других людей накладывают на меня серьезные обязательства. Но самый строгий судья - я сама: всегда знаю



ные кипы иностранных текстов по домашнему чтению, по матанализу, философии Древней Греции, экономической теории, по фонетике и стилистике, по морфологии растений, по демографии, экологии, энергетике, глобализации, религии, по... И по многому другому...

Из твоей скромной с виду двери уже на протяжении 26 лет выходит Туймеш Малбагаровна Даришева, патриот своего вуза, нужно видеть и слышать, с каким упоением и гордостью она говорит: «Западно-Казахстанский государственный университет!!!».

Когда мы были молодые и чушь прекрасную несли...!

Выбор профессии определился сразу – «сеять разумное, доброе, вечное...». С выбором специальности тоже не было проблем. Загадочное слово «лингвистика» манило и завораживало. Но кто такие лингвисты? Книжные черви в роговых очках? Что умеет лингвист? Да практически ничего... Он просто в совершенстве знает язык. А что есть язык? Язык – это древнейшее орудие человека. Не камень, не палка, не мотыга и не плуг. Язык.

Поиск нового знания о языке, его общественной природе и функциях, его внутренней структуре, о закономерностях его функционирования и исторического развития и привели юную Туймеш на филологический факультет.

Вспоминая студенческие годы, я вижу скромную, малоприметную девушку в роговых очках со стопкой потрепанных книг под мышкой на первом курсе. Хохотушку, брызжущую искрометным весельем, – на втором. Родную душу, чутко воспринимающую и принимающую твоё счастье и боль – на третьем курсе. Человека, способного принимать решения в качестве комиссара девичьего строительного отряда «Ассоль», - на четвертом. Тонкого и ироничного собеседника, ценителя поэзии серебряного века – на пятом. Пламенного трибуна, комсомольского вожака всего института.

Сегодня, оглядываясь на жизнь Туймеш через призму прожитых лет, понимаю, что все эти качества неповторимым образом соединены в ней были всегда. И разве не прав был великий Пушкин, говоря: «Куда бы нас ни бросила судьбина, и счастье куда б ни повело, все те же мы...», и, может быть, в этом ее секрет?

Теплая атмосфера семьи способна творить чудеса

Человеку гораздо легче живется от осознания того, что где-то его любят и ждут самые близкие и родные люди, есть семья, где его всегда примут, всегда поймут, простят и окажут любую помощь.

В атмосфере любви и понимания, трудолюбия и оптимизма и выросла наша героиня. Отец – Даришев Малбагар – участник войны, секретарь сельского Совета был эмоциональным, импульсивным и строгим человеком, именно от него передалась Туймеш такие качества как умение организовывать, руководить другими. Дімкә-мама (ақ мама, ақ әже – так звали ее все окружающие) удивляла своим спокойствием, ее дом всегда сиял первозданной чистотой. Она умела создавать такую неповторимую атмосферу в доме, когда каждый человек начинал чувствовать себя единственным и самым важным, когда он совершенно незаметно для себя вращался в этот уютный дом, проникаясь его добрым духом. Мы не видели ее уставшей, говорящей о каких-то проблемах, да и дети ее утверждают, что она никогда не жаловалась на усталость. Туймеш многое передалось



свои просчеты и промахи, всегда стараюсь не снижать планку», - делится Туймеш Малбагаровна. Так, может быть, успешность Даришевой в самоотдаче делу, в увлеченности работой, в искреннем и глубоком патриотизме?

Мягкий свет фонарей в дымке еще прохладного раннего утра... Маленькая скромная дверь величественного здания... Звон шагов о железный пол... Из открытых дверей кабинетов слышатся мерные глубокие и бархатные голоса преподавателей, шелест переворачиваемых страниц, беззаботная юношеская болтовня студентов...

По длинным коридорам родного университета уверенно идет Туймеш Малбагаровна Даришева. Чтобы «открыть двери и увидеть горы». Или открыть двери памяти и увидеть там те вершины, которые уже покорил. Или – прозрачные дверцы шкафа, за которыми в молчаливом достоинстве стоят фотографии, свидетели твоей жизни. И разве не о нас эти строки В.Высоцкого: «Весь мир на ладони, ты счастье и нем. И только немного завидуешь тем, другим, у которых вершина ещё впереди»...

Карлыга УТЕГЕНОВА

Р
К
Э
Н

№ 11 (868) кыркүйөк 2011 жыл



45

Жыл

«Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан» (Абай) демекші, тарихта ақыл-парасаты мол тұлғалардың көпшілігі ұстазына ерекше құрметпен қарап, әрдайым сондай бір ізетпен еске алған. Мәселен, Ескендір Зұлқарнайын өз ұстазын «Мен ұстазыма әкемнен кем қарыздар емеспін. Әкемнен өмірді алсам, Аристотельден сол өмірге керектінің бәрін алдым» деп еске алатын болған. Расында, ұстазға құрмет – шәкіртке сын. Өзінің тарихи-ғылыми мектебін қалыптастыра отырып, тарих ғылымы кеңістігіне жаңа буын жас ғалымдарды ұшырған Тұяқбай Зейітұлының 45 жылдық ғылыми-педагогикалық қызметі – елеулі еңбек пен қажырлы қайраттың, үздіксіз оқу мен ізденістің жемісті жылдары. Осы орайда сол жылдар жемісіне куә болған тарихшы ғалым, көрнекті ұстаз Қалам Жұмашұлы Сүйінішәлиевпен сұхбаттасқан едік.

елеулі еңбек, қажырлы қайрат, үздіксіз ізденістер жемісі

- М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті - білім беру нарығына сай ұсынылатын көптеген оқу орындарының бірі ішінен ерекшеленетін Орал өңіріндегі шоқтығы биік білім ордаларының бірі. 80 жылдық тарихы бар оқу ордасында бүгінгі кейіпкеріміз Т.З. Рысбеков 45 жыл ғылыми-педагогикалық қызмет атқарды. Тұяқбай Зейітұлының университетімізге келген алғашқы жылдарынан бастасақ...

- Мен осы институтта жарты ғасырдан артық қызмет атқардым. Менің көз алдымда он шақты ректор өтті. Оқу ордасының іргетасын қалаған ректорларды атап өткен жөн. Олар: Ақмурзин, Сидоров, Черкашин, Кенжеғұлов, Сдыков, т.б. және Рысбеков. Соның ішінде ең ұзақ ректорлық қызмет атқарған Тұяқбай Зейітұлы Рысбеков болатын. Бұл адам ҚазМУ-ды (өл-Фараби атындағы ҚазҰУ) бітіріп, бір топ жас қыздар, жігіттермен біздің институтқа министрдің бұйрығымен келіп, сол кездегі педагогикалық институттың тарих факультетіне еніп, бірігіп жұмыс істедік. Мен ол кезде тарих-педагогика факультетінің деканы едім. Бұл топтың өзі келісімен, инсти-



тут ұжымына еніп, өздерінің білімімен ұжым арасында өсіп, өне бастады. Өздерінің Қазақ университетін бітіріп келгендігін таныта бастады. Сол кездегі қазақша дәріс берушілердің басым көпшілігі осы жаңа келген жас қыздар мен жігіттер еді. Институт қабырғасында профессор Иванов, доцент Москалев, доцент Утехина, доцент Ақмурзин, профессор Көшімбаевтар сабақ берді. Бұлар ЖОО-да әдейі табиғатынан даяр дәріс берушілер еді. Жаңа келген бір топ жас оқытушылар осы марғасқа ұстаздардан дәріс алды. Мемлекет алдына қойған міндеттерді толығымен шешуге даяр екендіктерін сездірді. Бұл жастардың қалыптасуына, өсуіне, шыңдалуына үлкен әсер еткен институт ұжымы, тәртібі, жан-жақты білікті аға буын өкілдері әсер етті. Институтымызға бірге келген бір топ оқытушылардың ішінен Тұяқбай Зейітұлы бірден ерекшеленіп көзге көрінді. Тұяқбайдың осы оқу ордасының табалдырығын аттаған кезі менің әр кез көз алдымда.

- Жарты ғасырдан астам уақыт қызмет атқарғаныңызды айтып өттіңіз және өзіңіз тарих ғылымына еңбеі сіңген ғалым, ұлағатты ұстаз болдыңыз. Өзіңіз қызметтес болып, оқытушылық қызметтен бастаған Тұяқбай Зейітұлының білікті басшыға бейінегі ғұмыры қандай жолдардан өтті?

- Тарих-педагогика факультеті тамыры тереңге жайылған үлкен бәйтерекке тең. Осы факультетте білім алып, ғылым әлеміне қанатын қаққандар саны айтарлықтай көп дер ем. Білікті мамандардан дәріс алып, тәжірибе алмасып, өнеге алған жас оқытушылар көз алдымызда жетілді. Басшылық орын қолдан қолға бере салатын оңай жұмыс емес. Басшы болу үшін ақыл, білім, парасат керек. Осы қасиеттер тоғысқанда ғана игілікті іс атқарылары сөзсіз. Тұяқбай ең алдымен оқытушы, одан кейін КСРО тарихы кафедрасының аға оқытушысы, кафедра меңгерушісі, декандық қызметінен ректорлыққа ұласты. Білім беру саласында аталған құрылымдарда жүйелі түрде қызмет атқару – зор тәжірибе жинақтаудың кепілі болып табылса, Тұяқбай Зейітұлы да осы кезеңдерден абыроймен өтіп, білікті басшы қызметіне дейін көтерілді.

- Тәуелсіздік алғаннан бергі кезде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев білім беру және ғылым саласын мемлекеттік саясаттың басым бағытының бірі ретінде белгілеп, университеттік білім беру мен ғылымды дамытудың жаңа деңгейін қамтамасыз ету керек деген міндеттемесін үнемі алға қойып келеді. Академик Т.З. Рысбеков басшылық жасаған уақытта осы міндеттердің атқарылу жайына тоқталып өтсек...

- Қазір инновациялық саясат ең бірінші адами ресурстардың ғылыми-техникалық әлеуетін ғылым дамуының басым бағыттарына жұмылдыруды тездетіп, ғылыми нәтижелерін осы заманғы өндірісте тиімді пайдалануды талап етуде. Қазақстанның экономикалық көрсеткіші және ішкі нарығының динамикалық өсуі экономикаға жаңа инвесторларды тартуға негіз болуда. Біраз жыл бұрын мұнай мен газ, шикізат өнімі маңызды болып келсе, бұл күнде қайта өңдейтін өндіріс орындары, телекоммуникация, ақпараттық технология, мұнай химиясы, т.б. өндірістің дамуына жол ашылып отыр. Осындай күрделі жұмыстарды орындау мақсатында Тұяқбай Зейітұлы Рысбеков ректорлыққа оқу, тәрбие үдерісінің тәжірибелі ұйымдастырушысы және кемел ғалым ретінде келді. Ол сан салалы ұйымдастырушылық әлеуеті мен қалыпты жұмыс жағдайын көтеруге тырысты. Ол бұл деңгейге толық жеткізді де. Институт кафедраларының және профессор-оқытушылар құрамының бірте-бірте

ұлғая түсуі байқалды. Институт ұжымының табысты істері, оның ғылыми әлеуетінің өсуін арттыруға назар аударды. Ал бұның өзі БҚМУ-дың республикамыздың батыс аймағындағы ірі ЖОО-ның біріне айналуына байланысты еді. Бұл тұста университетте студенттер, магистранттар мен аспиранттар саны өсіп, оқытушылар саны да көбейді.

Осы жылдары ректордың жетекшілігімен университетте оңды өзгерістер жүзеге асырылды. Барлық мамандықтар бойынша оқытудың кредиттік технологиясы ендіріле бастады. Қалыпты білім беруден инновациялық жүйеге өту сатысында дәстүрлі технологиялар жетілдіріліп, интерактивтік және ақпараттық технологиялар енгізілді. Университет ұжымы республикалық және халықаралық ИСО 9001-2000 сертификатына ие болды және экология бойынша халықаралық сапа сертификатын иеленді. Осы және басқа да жасалған игі шараларға байланысты М. Өтемісов атындағы БҚМУ Болониядан (Италия) білім беру үдерісінің жалпы еуропалық стандарттарын қолдауды танытатын Магния Хартия құжатына қол қойды. Сол жылдың наурыз айында ректор Хельсинкиде Еуропалық Форум мүшесі ретінде Еуропалық Кеңеспен бірлестікте бірыңғай білім беру кеңістігін құру мәселелері бойынша талқылауларға белсене қатысты. Оксфорд қаласында ол «Еуропалық интеграцияны дамытудағы жеке үлесі үшін» халықаралық сыйлыққа ие болды. Осы жетістіктерге қол жеткізуде Т.З. Рысбековтің еңбегі өлшеусіз деп толықтай айтуға негіз бар.

- Е. Букетов: «Парасаттылық, шарапаттылық, кеңдік, адалдық ғылымда қызмет істеген әрбір адамға лайық, халқымыздың мәпелеп, бетке ұстары – ғылым адамдары» десе, біздің кейіпкеріміздің бойынан осы ғылым адамына лайық абзал қасиеттердің барлығы табыла ма?

- Т.З. Рысбеков жас маман-ғалымдардың ғылыми ізденістеріне де жетекшілік етті. Еліміздің тарихы мен мәдениетіне, ғылымы мен ағарту саласына сүбелі үлес қосып келе жатқан білікті маман, зерделі зерттеуші, ұлағатты ұстаз Тұяқбай Зейітұлының қаламынан 380-нен астам ғылыми мақалалар, танымдық-тағылымдық маңызы зор зерттеулер мен ондаған іргелі зерттеулер жарық көрді. Оның ішінде Отан тарихы бойынша электронды оқулығы студенттерге әсерлі болды. Ғылыми еңбектерінің сапында мемлекеттік даму үдерісін біртұтас күйінде көрсетуге, не оның жекелеген аспектілері таразылаған жұмыстары да бар. Мәселен, бұл ретте ғалым университетті басқара отырып, отандық тарихты дамыту мақсатында өзінің тарихи-ғылыми мектебін қалыптастырды.

Дана адамның қасиеті үш нәрседен тұрады: біріншісі – басқаларға істеуге кеңес берген нәрсесін өзі істеу, екіншісі ешқашан да әділдікке қарсы шықпау және үшіншісі – өзінің айналасындағы адамдардың осалдығын шыдамдылықпен көтеру. Айтылған үш қасиеттердің барлығы бойынша табылатын академик Тұяқбай Зейітұлының жетекшілігімен 2 ғылым докторы, 20 ғылым кандидаты, 15 магистр дайындалды.



Күнінде ұлттық тарихты кешенді түрде зерттеу, Қазақстан тарихының ақтаңдақ беттерін ашу мәселелері жолға қойылып, бірқатар іс-шаралар атқарылды. Осы бағытта ғылыми ізденістердің жүргізілуі, Отан тарихы ғылымында жаңалықтардың ашылуы Тұяқбай Зейітұлы қалыптастырған ғылыми мектепке тиесілі болды.

Бүгінде мемлекет тарапынан білім мен ғылым саласына қосқан ерен еңбегі үшін берілетін бірнеше сыйлықтар мен ордендер, құрмет белгілері бар.

- Бүгінгі кейіпкеріміздің марапаттары жөнінде айтып өтсеңіз.

- Тұяқбай Зейітұлының ғылым мен білім беру саласындағы және атқарған қоғамдық қызметтері өз кезінде лайықты бағасын алды. «Еңбек ері» медалі, «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері» құрметті атағы, Орал қаласының Құрметті азаматы, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл» мерейтой медалі, «Қазақстан Республикасы ғылымын дамытуға қосқан үлесі үшін» медалі, «Ақпараттық қоғамды дамытуға қосқан үлесі үшін», «Еуропалық интеграцияны дамытудағы жеке үлесі үшін» халықаралық сыйлықтары мен «Парасат» ордені бар. Бұл сыйлықтар Тұяқбай Зейітұлына мемлекет тарапынан көрсетілген құрмет деп білеміз. М. Өтемісов атындағы БҚМУ ұжымы да Т.З. Рысбековке ұзақ жылғы ғылыми-педагогикалық, басшылық қызметінің құрметіне «М.Өтемісов атындағы БҚМУ Құрметті ректоры» атағын университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітті. Өз басым бұл шешімді ерекше сый деп ойлаймын. Тұяқбай Зейітұлы бүгінде зейнет жасындағы ұлағатты ұстаз, кафедра меңгерушісі, ғылыми жетекші ретінде дәріс беру жұмысын жалғастырмақшы. Сәттілік тілейміз.

- Өңгімеңізге көп рахмет.

Сұхбатты жүргізген: Рита СҰЛТАНҒАЛИЕВА

Еліміздің батыс өңіріндегі Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің қалыптасу кезеңіндегі қиын да күрделі өзгерісті жылдарында еңбек етіп, сапалық жаңа деңгейге көтеруге өз үлесін қосып, ұзақ жылдар бойы басшылық қызмет атқарған ректор – Тұяқбай Зейітұлы Рысбеков.

Тұяқбай Зейітұлы - жеке тұлға ретінде өзіндік орнымен, абырой-беделімен, жұмыс жасау істерімен ұжым алдында да, шәкірт алдында да ерекше бағаға ие.

Білім ордасының тарихына өлшеусіз із қалдыра білген, өзіндік кескін-келбетімен, ғылым және ағарту саласын дамытуға қосқан үлесімен дараланған Тұяқбай Зейітұлы жайында әріптестері мен шәкірттері өз ойларын былай деп сабақтайды.



Р
К
С
Н

Ұлылығы озған, кемеңгерлігі келіскен Тұяқбай Зейітұлы жайында

Шавхат Әнесұлы Өтемісов, ғалым шәкірті, ҚР Парламенті мәжілісінің депутаты:

- ЖОО-ның ректоры болғандықтан талмас талап та, телегей-теңіз білім де сол адамға тән болуы керек және мамандығын жетік меңгерген өз кәсібінің шебер иесі бола білу қажет екені рас. Ректор болу, яғни үлкен бір ұжымды басқару зор жауапкершілікті талап етеді. Оқытушы ретінде студенттерге тек академиялық дәріс оқумен шектелмей, әр шәкірттің жүрегіне жол тауып, тіл табысу қажет болса, басшы ретінде ұйымдастырушылық, талап қойғыштық, ұжымға ие болу секілді қасиеттер ректор беделін арттырары сөзсіз.

Тұяқбай Зейітұлын ұстаз ретінде әрқашан мақтан тұтамыз. Біз ол кісімен 80-ші жылдардан бері таныспыз, яғни ол кезде аталмыш білім ордасының табалдырығын алғаш аттаған 1 курс студенттері едік. Тұяқбай Зейітұлы аға оқытушы ретінде бізге Қазақстан тарихынан дәріс оқумен қатар, факультет деканы қызметін де абыроймен атқарған еді. Ол жылдары егемендікке қолы жете қоймаған елімізде Қазақстан тарихы туралы мәліметтер жоқтың қасы еді, еңбекқорлықты жаны сүйетін ұстазымыз кітаптағы мәліметтермен шектеліп қалмай, сабақты студенттер үшін қызықты да тартымды өткізу үшін әрдайым ізденіс үстінде жүретін. Сол кездері Кеңес одағының тарихына көп көңіл аударылып, керісінше Қазақстан тарихын оқытуға берілген сағат көлемі аз болатын, осы аз ғана сағат шеңберінде ұлағатты ұстаз оқулықтардан тыс мағлұматтармен таныстырып, пәнге деген қызығушылығымызды оята білді. Біз де ұстазымыздың талабына сай болу мақсатында сапалы білім алуға тырыстық.

Ал бүгінгі таңда жағдай мүлдем өзгеше. Білім ордасының іргеліленуіне, ғылыми-әдістемелік жағынан кемелденуіне, ұжымды ұйымдастырып, педагогикалық орта қалыптастырудағы Тұяқбай Зейітұлының еңбегі үлгі боларлық іс.

Ғылымға шынайы жанашырлығымен, өзіндік талап қоюшылығымен ерекшеленген, өз мектебін қалыптастырған, шәкірттеріне сапалы білім мен саналы тәрбие берген ұлағатты ғалым-ұстазымызға айтар алғысымыз шексіз. Ғылыми-педагогикалық қызметіне 45 жыл толған мерекесімен шын жүректен құттықтай отырып, Тұяқбай Зейітұлына деніне саулық, отбасына амандық тілейміз. Әрдайым шәкірттерінің ықыласына, елінің алғысына бөленіп, мерейі арта берсін дегім келеді.

Қазыбай Қараұлы Бозымов, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің ректоры:

- Мен өзімнің білім мен ғылым саласындағы жұмысыма көптеген азаматтар жайлы, олардың жасаған қызметтері жайлы айтуға мүмкіншілік болды. Ал енді бүгін халқымызға қалаулы, елімізге елеулі, құрметті, сыйлы, білімді, білікті, еліміздің азаматы, ғалым ретінде, ұстаз ретінде, кісілігі мол Тұяқбай Зейітұлы жөнінде айту – біріншіден қиын, екіншіден жеңіл. Қиындығы – ірі, ел тұлғалары жайлы айту. Өйткені, оны бір жағынан емес, бірнеше жағынан қарап айту керек. Себебі бір кісіге сипаттама беру үшін оның қасиетін, оның жан-жақтылығын, оның азаматтығын айту үшін ол кісімен бірге өмір сүру керек. Ол кісінің қасында көп жыл жүру керек. Сонда ғана осындай үлкен тұлғалар жайында айта аламыз. Жеңілдеуі – Тұяқбай Зейітұлының – 45 жыл ғылыми-педагогикалық қызметін айтып отырсақ, соның 35 жылында мен онымен қатарлас қызмет жасап келе жатырмын. Бұл тек қана қызмет жасау емес, қызметте араласып, талай ғылыми кеңестерде, министрліктің отырыстарында, халықаралық, республикалық ғылыми конференцияларда, алыс іссапарларда бірге қызметтес болып, бірге дәмдес болып жүрміз, аға-іні болып сыйласып келе жатқан азаматпыз. Тұяқбай Зейітұлы - ғалым, ұстаз, отбасының азаматы, әке, ата ретінде көп жазылды, әлі де жазылады. Егеменді еліміз 20 жылдық тәуелсіздігімізді атап жатқанда, осындай азаматтар жайлы көбірек айтуымыз керек. Себебі ол тек ғалым-ұстаз емес, екі ғасырда қызмет жасаған, бұл бізге керек аға буын. Сондықтан да еліміздің тарихын, ата-дәстүрін, ағаны ардақтап, кішіні құрметтеген біз, ел тұлғасы Тұяқбай Зейітұлының еңбегін бағалаймыз.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті - елімізге педагогикалық кадрларды дайындаған, біздің еліміздегі тарихы мол, тамыры тереңге дарыған университет. Еңбек жолында 45 жыл Тұяқбай Зейітұлы қызмет жасаса, білім ордасын 20 жылдың үстінде басқаруы - осының өзі бір үлкен баға. Сонау оңтүстіктен ҚазМУ бітіргеннен кейін, бала болып келіп, дана болып осы елге еңбегі сіңіп, еңбегімен, азаматтылығымен, кісілігімен, білімділігімен ерекшеленді. Қазақ атам даналығында «қу дүние жеткізбес қанша құсаң да, жаман жақсы болмас жусаң да, ер жігіттің бәрі бірдей би болмайды, белдікті көкіректен бусаң да», дейді. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар деп осындайды айтқан болар. Себебі, бәріміз де ректор, ғылым докторы, профессор



болғымыз келеді, бәріміз де басқарғымыз келеді, бірақ Тұяқбай Зейітұлы 20 жылдың үстінде білім ордасын басқарды. Жай басқарған жоқ, еліміздің басы ауырып, балтыры сыздаған қиын уақытта ұжымды біріктіріп, сақтап қалды. Егерде кешегісі мен бүгінгісін салыстыратын болсақ, бір төбе болып Тұяқбай Зейітұлының еңбегі көрініп тұрады. Тұлпардың тұяғындай орнына ордай із қалдырды деп айта аламыз. Қалдырды деп біз ағамызды шығарып салып жатқан жоқпыз, ағамыздың келешекте жастарға берері көп, өйткені Тұяқбай Зейітұлы тәлім берер жасқа келді.

Көп қырлы шығармашылық қызметі жоғары маңызға ие болып отырған сәтінде Тұяқбай Зейітұлына зор денсаулық, отбасына амандық тілей отырып, келешекте де ғалымдық, ұстаздық, азаматтық еселі еңбегімен елге таныла беріп, жетістіктерге жете беруіне тілектеспін. Әрдайым әріптестерінің, шәкірттерінің, елінің құрметіне бөленіп, беделге ие, абзал азамат болып қала беруіне тілектестігімді білдіремін.

Әлия Меңдешқызы Мұханбетжанова, п.ғ.д., педагогика және психология кафедрасының профессоры:

- Менің Тұяқбай Зейітұлымен әріптес болған кезеңім, Қазақстан Республикасындағы жоғары білім беру жүйесін реформалау кезеңімен, яғни инновациялық даму кезеңімен жоғары кредиттік білім беру жүйесімен сәйкес келді. Тұяқбай Зейітұлы алғашқы ректорлардың бірі ретінде Болон Хартиясына қол қойды. Осы кезден кейін біздің университетіміз оқытудың кредиттік жүйесін алғашқылардың бірі болып енгізді. Бұл процесс тек кредиттік оқыту жүйесінің элементтері ғана емес, ол бұл жүйені түгелімен енгізу талабы қойылды. Білім беру жүйесінде студентке бағдарлы білім беру болғандықтан бұл жүйенің ерекшелігі білімдік және ақпараттық орта тудыру талабы қойылды. Мінеки, осы студентке өздігінен білім алу міндеті қойылғандықтан, студенттің мұғалімді таңдауы, пәнді таңдауы, арнайы пәнді таңдауы мұның барлығы өз талабына сәйкес жүргізілді. Сонымен қатар оқытушының рөлін өзгерту талабы да қойылды. Өйткені, бұрынғы білім беру жүйесінде оқытушының рөлі тек білім берушілік қана болатын, ал оқытудың кредиттік жүйесінде оқытушының рөлі – ол консультант рөлін атқарады. Сондықтан да біздің жоғары оқу орнына білім беру үрдісіне жаңа өзгеріс әкелген, оқытушылардың білім дәрежелерінің көтерілуіне, оқу орнының мемлекеттік аккредитациядан сәтті өтіп, әлем деңгейінде өзіндік орын алуына үлкен күш жұмсаған Тұяқбай Зейітұлы. Осындай кемеңгерлігімен мен Тұяқбай Зейітұлын новатор-ғалым ретінде танымын. Айта берсек, ол кісінің еңбегі көп.

«Адам қамын ойлаған - саналықтың белгісі, заман қамын ойлаған даналықтың белгісі», дейді халық. Мен ойлаймын, жастар қамын ойлап, қара шаңырақтың қалыптасу келешегін бағамдай білген Тұяқбай Зейітұлының көрегенділігінің, қамқорлығының, елге жанашырлығының арқасы деп түсінемін. Біз, әріптестері ол кісімен әрқашан біргеміз. Ол кісінің ақыл-кеңесіне, қолдауына әр кез иек артамыз. Ғылыми еңбек жолына 45 жыл толуымен қасиетті ұжымы атынан құттықтауымызды жеткізе отырып, Баян Ғаббасқызы екеуіне бақыт, ұзақ ғұмыр, зор денсаулық тілеп, елге сіңірген ұлан-ғайыр еңбегіңіздің жемісін көріңіз дегіміз келеді.

Ақсерік Сарыұлы Айтимов, Батыс Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университетінің ректоры:

- Біз Тұяқбай Зейітұлымен көптен араласып келеміз, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінен үй-ішімізбен тәлім алған болатынбыз. Бұл оқу орны маған өте ыстық. Менің ерекше атап өткім келетіні, Тұяқбай Зейітұлы, біздің осы Орал қаласында тағы бір жаңа оқу орнының іргесінің қалануына мұрындық болды. Сол кезде облыс әкімінің бірінші хатшысы болған, кеңес төрағасы Қабиболла Жақыпов біздің өтінішімізге қандай жеке оқу орны, қалай жекеменшік ғылым ордасы бола алады деген еді, сол уақытта бізді қолдап, пікірін білдірген Тұяқбай Зейітұлы болатын. Елбасы саясатымен жекешеленіп жатқан сол кезеңде, нарық кезеңінде, әрі сол кездің өзін Тұяқбай Зейітұлы жақсы түсіне білген еді. Ол кісі тарихшы-ғалым, ұстаз бола тұра еліміздің экономикасының өрлеуіне қырағылық танытып, ұстаздарды бізге жолдап, үкіметтік емес оқу орнының құрылуына ең бірінші қолдау көрсеткен кісілігі мол азамат - Тұяқбай Зейітұлы еді. Сол себепті де біздің ұжым ол кісіні «әке» деп бағалайды.

Үкіметтік емес ұйымды ашып жатқанда, өзіміз де түсінбейтін едік, бұл қалай болады, қайда апарайды, не болады деген ойымызға үн қосып, аға болып бағыт-бағдар, үлкен кеңес берді.

Қазіргі таңда екі оқу орны арасында іскерлік байланыс бар, ғылыми жұмыстар жүргізіліп жатыр, Тұяқбай Зейітұлымен біздің әріптестігіміз әлі де жалғаса бермек.

Тұяқбай Зейітұлы - 45 жыл ғылыми еңбек жолында үлкен ғылыми мамандарын көтеріп жүрген ғалым, іскер басшы бола білді. Зерттеушілер арасында табанды ғалым ретінде танылды. Өзі басқарған оқу орнын биік дәрежеге көтере білді. Еңбегі бағаланып, бірнеше марапаттауларға ие болды. Осы білім ордасынан қанат қаққан тұлпарлық, шәкірттері ол кісінің есімін ізетпен атап жүреді. Еңбек жолының бір бөлесі болып отырған кезеңде Батыс Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университеті ұжымының атынан, ол кісіге деніне саулық, ұзақ ғұмыр, ғылым жолындағы еңбегіне табыс, отбасына амандық тілеп, ел ертеңі үшін төккен теріңіздің зейнетін көріңіз демекпіз.



№ 11 (868) Қыркүйек 2011 жыл



Еңбекті күндер жадымызда!

Студенттік өмір - әрбір жастың ғұмырындағы мәңгі ұмытылмас мәнді кезең. Білім іздеген келешек тұлға қиындығы мен қуанышы қатар жүретін студенттік жылдарда асыл достықтың іргесін қалап, еңбектену білуге бейімделіп, жастық шақтың биік белестерін бағындырады. Университет қабырғасында жас мамандардың білім көкжиектерін кеңейте отырып, ғылыми және қоғамдық шаралардан тыс

*Осындай бақ басымызға бұйырған,
Студентпіз біздер неткен бақытты.
Төрт жыл ғана арнасына сыйдырған,
Оян!
Сілкін!
Босқа өлтірмей уақытты.*



қалдырмаумен қатар, Елбасы қолдауымен жыл сайынғы жүргізілетін «Жасыл ел» жастар еңбек жасағы мен студенттік құрылыс жасақтарында еңбек етуді қамтамасыз етеді. Биыл да оқу орнының әрбір факультетінен жинақталған белсенді студенттерден құралған «Бейтерек» жасағы тамыз айында қаламызды

жасылдандыру бағытында «Жасыл елде» еңбек етті. Өз өлкеміздің көріктенуіне атсалысып, «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтарына жұмыс беруші «Жасыл қала» коммуналдық кәсіпорны берген жұмыстарын бірлесе атқардық. Сонымен қатар, облыстық кардиология орталығы мен Жөлаев трассасындағы алаңдарды абаттандырып, керексіз, құраған ағаш бұталарын кесіп, тазалау жұмыстарын жүргіздік.

«Жасыл ел» жасағында еңбек ете жүріп, жұмыла көтерген жүктің жеңілдігін сезініп, асыл, берік достықтың шамшырағын жақтық. Қызықты сәттерге толы тамыз айы жүрегімізге әдемі әсерлер мен санамызға еңбекпен тапқан нанның тәттілігін сездірді. Еңбекті күндер жадымызда...

*Гүлдария ҚУАНЫШҚАЛИЕВА,
«Бейтерек» жасағының командирі*

Жас буынды жан-жақты тәрбиелеуде дене тәрбиесінің маңызы орасан зор. Дене тәрбиесі, спорт жастардың денсаулығын нығайтуға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға, спортпен ұдайы айналысуына бағытталады. Жастарды спортқа баулуға, олардың жоғары жетістіктерге жетуі жолында жұмыс жасап жатқан «Ақ Жайық» Спорт клубының елеулі еңбегін атап өтуге болады. Денсаулыққа кепіл болған спорттың мәні мен маңызы жайында «Ақ Жайық» Спорт клуб төрағасы, ҚР Құрметті спорт қайраткері, ҚР Еңбек сіңірген жаттықтырушы, КСРО спорт шебері Жәрдемөв Жұбанұлы Садырұлымен болған сұхбатты назарларыңызға ұсынамыз.

СПОРТ - денсаулық кепілі

- Жұбанұлы Садырұлы, спортпен шұғылданудың маңызы зор екендігін көпшілік біле берсек те, оған мән бере бермейтініз ақиқат, «спорт – денсаулық кепілі» деген ұғымға кеңірек тоқталып өтсеңіз.

- «Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спортты дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын негізге ала отырып, университетімізде түрлі спорттық іс-шаралар өткізіліп тұрады. «Ақ Жайық» спорт клубының негізгі жұмысы университетіміздің дене тәрбиесі үрдісі мен спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізуге бағытталған. «Спорт – денсаулық кепілі» деген ұғымды жүзеге асыру мақсатында спорт клуб оқу орнының әкімшілігімен, факультет декандарымен, дене тәрбиесі кафедрасымен, сондай-ақ басқа да құрылымдық бөлімшелермен тығыз байланыс жасайды. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Туризм және спорт министрлігі әкімдермен бірге елде бұқаралық спортты дамыту үшін бірлескен іс-шараларды анықтап, оларды нақты іске айналдыруы тиіс. 30%-ға дейінгі қазақстандықтар бұқаралық спортқа тартылуы керек. Осындай жағдайда ғана біз дамуды көре аламыз», деген жолдар көрініс тапқан. Міне, біз де салауатты өмір салтын ұстанып, спортпен шұғылдануға зор мән беруіміз қажет, осы орайда, өскелең ұрпақтың және оқытушылар қауымының бос уақыттарын тиімді пайдалануына, дене тәрбиесімен айналысуына спорт клубтың тигізер әсері мол. Спортпен айналысуға тілегі барлар үшін біздің есігіміз әрдайым ашық.

- Студенттер арасында тұрақты спортпен айналысатындар қандай деңгейде, жастар көбінесе спорттың қай түрімен айналысқанды жөн көреді?

- Спортпен шұғылданатындар және қосымша спорттық үйірмеге қатысам деушілер біздің студенттер арасынан көптеп табылады. Бізде қосымша үйірмелер жұмыс жасайды, әр секцияға 15-20 адам аралығында қабылдаймыз. Спорттың 14 түрі бойынша жаттығулар өткізіледі және 3 «Денсаулық» тобы бар. Спорттық үйірмелерге жазылған студенттер университет бітіргенше қатысып шығады. Баскетбол (ұлдар), волейбол (ұлдар мен қыздар), үстел теннисіне көбірек қызығушылық танытады. Бізде күрес (дзюдо, самбо, қазақша күрес) жақсы дамыған. Соңғы кездері қыздардың да боксқа деген қызығушылығы артып келеді. Армрестлингпен (қол күресі) айналысатын,

шағын футбол ойнайтын балалар саны өте көп. Самбо күресінен студенттер арасында әлем біріншілігінің жүлдегерлері мен жеңімпаздары атанғандар – біздің мақтаныстарымыз.

- Жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттауда қандай іс-шаралар жүргізілуде?

- Жоғарыда айтып кеткендей, Елбасымыздың Жолдауындағы тұрғындарымыз көпшілік бұқаралық спортқа тартылу керек дегенін басшылыққа ала отырып, киелі қара шаңырағымыз – университетімізде белсенді жұмыстар жүргізілуде. Жыл сайын білім ордамызда факультет студенттері арасында спорттың 7 түрінен спартакиада өтеді. Өткен оқу жылында облыстық, қалалық ЖОО мен арнаулы оқу орындары арасындағы сайыстарда БҚМУ құрама командасы 1-жүлдені ешкімге берген емес, ол – оқытушылар еңбегінің жемісті нәтижесі. Жақында қаламыздағы Атоян стадионында «Денсаулық фестивалі» оздырылды, онда университетімізден 1000 адам тамашаласа, 200 спортшы көпшілік кроссқа қатысты, 4 салмақ категориясы бойынша қазақ күресі жарысында Н.Мәдениетов (54кг.), Н.Серіков (60кг.), С.Бақытжан (66кг.), С.Махамбетовтер (90кг. жоғары) 1-орынға қол жеткізді. Осы сайыста қолдау көрсетіп, ұйымшылдық танытқан декандарға және дене тәрбиесі кафедрасының оқытушыларына (меңгерушісі: М.Х.Темірғалиева) ризашылығымды білдіремін. Орал қаласы күніне орай ұйымдастырылған қазақша күрес бойынша 1993 жылы туылған және кіші балаларға арналған жарысқа университетіміздің атынан студенттер қатысты. Б.Қабдолов (54кг.) I орынға, Н.Мәдениетов (54кг.) III орынға, Н.Серіков (60кг.) I орынға, С.Бақытжан (66кг.) I орынға ие болып, оқу ордамыздың мәртебесін тағы бір асқақтатты.

Жақында Спорт сарайында ҚР-ның «Құрметті Спорт қайраткері», академик Т.З.Рысбековтің жүлдесі үшін волейбол жарысы оздырылды. Алдымызда да үлкен жарыстар күтіп тұр. Қазан айында көрнекті қоғам қайраткері, халықаралық «Невада-Семей» қозғалысының президенті О.Сүлейменовтің дәстүрлі жарысы өтпек. Университетте шағын футболдан өтетін спартакиадада үздік ойын көрсеткен спортшылардан құрама команда жасақталып, №1 БЖСМ спорт залында өтетін «Жастарға бастама» жастар қоғамдық бірлестігі ұйымдастыруындағы жарысқа қатыспақ. Жоспарларымыз өте көп. Ұйымдастырылып жатқан осындай іс-шаралар мен түрлі сайыстардың бәрі салауатты өмір салтын насихаттау жолында жүргізіліп жатқаны ақиқат.

Жас келсе іске...

Қазіргі жаһандану заманында бәсекелестікке қабілетті ел экономикасын қалыптастыру маңызды мәселе болып отыр. Ал өз кезегінде ел экономикасының негізгі алға сүйреуші, қозғаушы күші шағын және орта кәсіпкерлік екені мәлім. Осы маңызды жайтты ескере отырып, қыркүйек айының 16-жұлдызында «Нұр Отан» ХДП ғимаратында «Жас экономист» ЖҚБ, AIESEC халықаралық студенттер ұйымы және БҚО Ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен «Жастарды кәсіпкерлікке тарту және жас кәсіпкерлерді қолдау» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Дөңгелек үстелге қатысқан «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының БҚО аймақтық филиалының өкілдері Нұраддин Ренат Қажымұратұлы мен Таймас Кумар - «Бизнестің жол картасы-2020» мемлекеттік бағдарламасымен таныстырып, жастардың бұл бағдарлама турасындағы сауалдарына жауап берді. Дөңгелек үстелде сөз алған БҚО Ішкі саясат басқармасы бастығының орынбасары Төрегелдиев Мұратқали Қамешұлы бизнесті жүргізу барысындағы кедергілерді азайту шаралары жөнінде айтып, жастарды кәсіпкерлікпен айналысуға шақырды.

AIESEC халықаралық студенттер ұйымының вице-президенті Александра Савицка шетелдердегі кәсіпкерлікті дамытудың ерекшеліктерін атап өтті. Дөңгелек үстелде талқыланған мәселелерді қорытындылаған «Жас экономист» ЖҚБ-ның төрағасы Таженов Нұрлыбек Алтайұлы ЖІӨ-нің 40%-дан иеленетін кәсіпкерлікті дамытуда жастардың рөлі маңызды екеніне тоқтай келе, жастарды шағын және орта кәсіпкерлікке белсенді араласуға үндеу тастады.

*Әсемгүл ТӨРЕХАНҚЫЗЫ,
экономика және басқару факультетінің
3 курс студенті*

- Спортпен айналысуға қолайлы жағдай бар ма, яғни спорт залдары, спорттық нысандардың дәрәжесі қандай деңгейде?

- Университетте студенттерге спортпен айналысуға жақсы жағдай жасалған. Спорт сарайы, спорт зал, 2 күрес залы, атлетизм залы, ықшамдалған шағын спорт залдары, шағын футбол алаңы бар. Спорттық,

эстафеталық ойындар, іс-шаралар өткізуге ешқандай кедергі жоқ. Спорттық нысандар да жеткілікті. Сондықтан жастар бос уақыттарын спорт залдарында өткізсе, екінбесі анық. Көптен бері шешімін таппай жүрген бір мәселе – университетте стадионның жоқтығы. Ол үшін қалалық әкімшілікке хат та жолданды. Бірақ бұл мәселе де алдағы уақытта оң шешімін табады деп сенемін. Сонымен қатар, білім ордамызда ақылы топта оқитын өлем және Қазақстан Республикасының жеңімпаздары мен жүлдегерлері үшін оқу ақысын төлеуде жеңілдік жасалса деген ұсынысымыз университет әкімшілігі назарға алса деймін.

- Қазіргі таңда спортты серік еткеннен гөрі, есірткіге құмар жастар жөнінде не айтасыз? Оларды спортқа тартудың қандай жолдарын атап өтер едіңіз?

- Спорт клубқа келетін жастарға қарап, спортты серігім деп білетін жастар басым ба деп ойлаймын. Егер, жастардың бос уақыты көп болса, не істерлерін білмегендіктен, зиянды әдеттерге ұрынып жатады деп ойлаймын. Ол үшін олардың күн тәртібінде бос уақыт болмауы тиіс, яғни спортпен шұғылданған, қосымша үйірмелерге қатысқан студенттер жағымсыз әдеттерден бойларын аулақ ұстайды деп білемін. Түрлі жарыстар, спортқа деген қызығушылықтарын тудыратын іс-шаралар өткізу арқылы студент-жастарды спортқа көптеп тарту керек. Балалар зиянды заттардан аулақ болу үшін жастайынан спортпен шұғылдануы тиіс, яғни бірінші ата-ана, екінші мектеп мұғалімі жауапкершілік танытып, балаға дұрыс бағыт-бағдар сілтеуі тиіс. Оқу орындарында спорт шеберлерімен, спорт ардагерлерімен, тәжірибелі ұстаздармен қызықты, маңызды кездесулер өткізілуі тиіс. Осындай шаралар жастардың спортқа деген қызығушылықтарын арттырады анық.

- Жастарға, оқырман қауымға айтар тілегіңіз?

- Адам үшін таңертең және кешке кем дегенде 30-45 минут жаяу жүргеннің пайдасы зор. Спортпен айналысуды дағдыға айналдырып, күн тәртібіне енгізсе – салауатты өмір сүрудің бір жолы дер едім. «Дені саудың – жаны сау» деген мақал тегін айтылмаса керек. Әрбір азамат дені сау болу үшін дене тәрбиесімен шұғылдануды күшейтуі, зиянды әдеттерден бас тартуы керек. Денсаулықтары мықты болып, елімізді көркейтер азамат пен азаматшалары болсын.

- Әңгімеңізге рахмет, жұмысыңыз жемісті болсын!

Сұхбаттасқан Светлана БЕККУЖИЕВА



Р
К
Е
Н



№ 11 (868) Қыркүйек 2011 жыл

9



«Нашақорлық – ғасыр дерті», - демекші, XXI ғасырдың індетіне айналған нашақорлықпен бүкіл әлем болып күрес жүргізіліп жатса да қоғамның өзекті мәселесі сапынан түсер емес. Бұл дерт күннен-күнге тамырын тереңге жаюда. Бұл «ауруға» Қазақстан да шалдыққан. Тіпті уақыт озған сайын асқынып бара жатыр. Неге? Оның әртүрлі себептері бар. Оқырман қауымға кеңірек мағлұмат беру мақсатында облыстық наркологиялық диспансер МКҚК, стационар бөлімінің меңгерушісі, І санатты дәрігер-нарколог Асқар Мырзахметұлымен әңгімелескен болатынбыз.

ЕСІРТКІ — ЖАС ӨМІРДІ УЛАУШЫ

► ***Нашақорлық дерті туралы, оның келтіретін залалы туралы кеңірек тоқталып өтсеңіз.***

- Нашақорлық – ғасыр індеті. Есірткі тұтыну бағзы замандардан келе жатқан дерт екені тарихтан белгілі. Біздің заманымызға дейінгі 2700 жылдары Қытайда анаша пайдаланылды деген дерек бар. Ғасыр індеттерінің бірі – нашақорлық, бұдан былай да адамзат тұрған жерде жойылмақ емес деген шешімге келген шетелдік ғалымдар мұны өркениетпен бірге жүретін қара құрт деп отыр. Қазіргі таңда Қазақстан қоғамының алдында тұрған және шұғыл шешуді талап ететін өзекті мәселелердің ішінде ел халқының денсаулығына және тұтастай алғанда ұлттық қауіпсіздікке төнген жаһандық қатер ретінде нашақорлықтың және есірткі бизнесінің есу проблемасы алдыңғы орындардың біріне шығып отыр. Соңғы 10 жыл ішіндегі Қазақстандағы есірткі ахуалына жасалған талдау республикада оның тұрақты келеңсіз серпінге ие айтарлықтай асқынуымен сипатталатындығын көрсетеді.

► ***Нашақорлыққа үйір болу себептері неден болып отыр?***

- Қазіргі кезде Орталық Азия өңірі әр алуан шығу түрлері мен нысандардағы есірткілердің экспансиясына ұдайы ұшырап отыр. Оның негізгі себептері: 1. Есірткі қауіпінің көзі болып табылатын мемлекеттерге тікелей жақындығы; 2. Шекараларының ұзындығы, посткеңестік елдер мен шекаралық учаскелерде демаркациялық жұмыстардың аяқталмауы және соған байланысты олардың сырттан есірткінің енуінен жеткілікті қорғалмауы; 3. Ауғанстанда есірткі заттарын өндірудің одан өсуі, есірткі зертханаларының елдің ТМД-мен тікелей шектесетін солтүстік провинцияларына көшірілуі және құрылуы; 4. Еуропадан келетін синтетикалық есірткілер контрабандасы көлемінің ұлғаюы болып отыр. Қазақстан аумағымен есірткі жолдарының өтуі республикада есірткіге тәуелді азаматтар санының көбеюіне айтарлықтай ықпал етеді. Бүгінгі таңда Қазақстанда есірткі нарығын қарқынды құрылымдық қайта құру жүрде, өсімдік тектес дәстүрлі есірткілерді ауыр есірткілермен ауыстырудың белсенді процесі жүріп жатыр. Әсері күшті, қымбат тұратын және денсаулыққа барынша қауіпті синтетикалық есірткі құралдарымен психотроптық заттарды пайдалану артып отыр.

Қазақстан есірткіге қарсы қызметтегі халықаралық ынтымақтастықты одан әрі дамытуды айтарлықтай ілгерілеуге қол жеткізді. Солай бола тұра, проблема өткірлігі бәсеңдер емес.

► ***Есірткі заттарын қолданатындардың жас ерекшеліктері қандай? Қай жастағылар осы дертке көбірек ұрынады, себептері неде?***

- Нашақорлыққа көбінесе жасөспірімдер шалдығады, алайда осы кезеңде ересектер арасында да есірткіге әуестенетіндер саны артуда. Жастардың арасында есірткіге әуестік көп ретте білместіктен басталады. Жасөспірімдер қоршаған ортасының кері әсеріне иланғыш келеді. Өз іс-әрекеттерінің салдарын дұрыс болжамау, жеңілтектік, жан-дүниесі, мінез-құлық пен дүниетанымының дұрыс қалыптаспағандығы, иланғыштық, кері әсерге еліктеушілік - алғаш рет есірткінің дәмін көруді тудыратын себептер. Топтық психология, еліктеушілік, ермелік топ ішінде біреуі есірткі дәмін татқан болса, уақыт өткен соң топтың барлық мүшелері әуестенуге соқтырады. Есірткінің ерекшелігі сол, адам оған бір-ақ рет дәмін татқаннан кейін әуес болып қалады. Міне, адамдардың нашақор болу себептерінің бірі осында жатыр. Нашақордың, мейлі ол тек марихуана шеккеннің өзінде жасы ұзаққа созылмайды. Соңғы кезде марихуана шегетіндердің ең алдымен өкпесі қабынады, одан әрі өкпе рагі дамиды да адам өліміне әкеледі. Сондықтан оларды қолдану кезінде ең қауіпті аурулар – ЖҚТБ, т.б. ауруларды жұқтыру мүмкіндігі күрт жоғарылайды. Гепатит, оған қоса есірткі заттармен улану бауырдың дистрофиясына алып келеді де адам мүгедек болып қалады. Ата-ананың баласын тәрбиелеуге уақытының болмауы, үйден тыс өмірін қадағаламауы, отбасы мүшелерінің бірі арақ-шарап ішуі немесе есірткі қолдануы, ата-ананың бірі маскүнем не нашақор болуы, оқу орындарында нашақорлық мәселелеріне көңіл бөлмеуі, жасөспірімдер арасында түсіндіру жұмыстарының толық жүргізілмеуі, әлеуметтік-экономикалық жағдайының төмендеуі, алкоголь мен есірткіге қол жеткізудің оңай болуы, достарының

арасында нашақорлардың бар болуы нашақорлыққа келудің басты себептері болып саналады.

Қазіргі жастар тез өсіп, дене бітімі тез жетіледі. 9-12 жастағылар есірткіге сирек әуес болады. Оларды әуестендіру әдейі жасалған әрекет болмаса, бұл жастағылар темекі шегуді мәртебе санайды. Сондықтан ата-ананың міндеті - осы жастағы балаға көбірек көңіл бөліп, темекі, спирттік ішімдік және есірткінің зияны туралы жиі түсіндіріп айту. 13-15 жастағы жасөспірімдер есірткі туралы ересек замандастарынан естіп біледі. Олар нашақорлықты ауыр, емделуі қиын дерт екенін түсінбейді. 16-18 жасар жастардың арасында нашақорлық пен оның салдары туралы жақсы білетіндер көп. Жастардың арасында есірткіні жақтаушылар, оған қарсы тұрушылар мен екі ойлылар бар.

► ***Жастардың зиянды әдеттерден қорғана білуі үшін қандай кеңес және қандай көмек беруге болады деп ойлайсыз? Қалай алдын алуға болады?***

- Тәуелсіз сарапшылардың бағалаулары бойынша, есірткіні шамадан тыс пайдаланудан Қазақстанда әр тәуелді төрт адам қайтыс болады. Елде соңғы 12 жылда нашақорлықпен ауыратын адамдардың жалпы саны 10 есеге, соның ішінде жасөспірімдер арасында 17 есеге артты. Сондықтан да психикалық белсенді заттарға (ПБЗ) тәуелділердің алдын алудың, диагностикалаудың, емдеу мен оңалтудың неғұрлым тиімді технологияларын әзірлеу қажет. Қазақстан Республикасының наркологиялық емдеу – алдын алу мекемелерінің құрылымдарын, технологияларын, штаттық қамтамасыз етілуін және қазіргі заманғы наркологиялық көмекті ұйымдастырудың заңнамада бекітілген стандарттарына қатаң түрде сәйкес келтіру керек. Бүгінгі таңда Батыс Қазақстан облысы

бойынша ПБЗ-ға тәуелділерді облыстық наркологиялық диспансері толық көлемде емдеудің барлық түрінен көмек көрсете алады.

Қазақстандық қоғамды есірткілендірудің әлеуметтік мәдени факторлары ұлт денсаулығының негізі ретінде есірткіге деген қоғамдық иммунитетті қалыптастыру

қажеттігін өзекті етеді. Есірткіге қарсы қоғамдық ұстанымды күшейтудің маңызды факторы жастар арасындағы патриоттық көңіл-күйдің өсуі болып табылатындықтан, кең көлемді мәдени-тәрбие жұмысын және оқушылардың, студенттердің, олардың ата-аналарының арасында есірткіге қарсы белсенді насихат жүргізуді негізге ала отырып, оқушылар мен студенттердің «Нашақорлық – Қазақстанның болашағына төнген қатер» атты бүкіл қазақстандық қозғалысын қалыптастыру жөніндегі іс-шараларды жалғастыру қажет. Халыққа есірткілердің зияны туралы кең көлемде ақпарат беруге көп көңіл бөлінуі тиіс. Бұқаралық ақпарат құралдары көпшілік қауым үшін қажетті білімнің негізгі көзі болып есептелуі олардың бұл мәселедегі жауапкершілігін арттырады. Екінші жағынан, БАҚ есірткі заттарының жарнамасына, есірткілер туралы босаңсу, рахаттану, бедел жинау құралы, өмірдің «жеңіл» стилі делінетіннің атрибуты ретіндегі теріс түсініктер уағызына жол бермеу жөнінде жұмыс жүргізуі тиіс. Бұдан басқа тікелей есірткіге қарсы насихат, есірткіге қарсы жарнаманың орналасуын және баспа мен электронды БАҚ-та жүйелі қоғамдық-саяси, талдамалық және көркем жарияланымдарды дайындауды, сондай-ақ есірткіге қарсы тақырыптағы тұрақты теледидар бағдарламалары мен хабарларын ұйымдастыруды және өткізуді көбейту керек.

► ***Бізге осындай ақыл-кеңес беріп, зиянды кеселдің мән-маңызы жайында ой бөліскеніңізге рахмет.***

Сөз соңында есірткіден есіруді көздегенше, салауатты салтымыздан қол үзбейік ағайын,- дегім келеді.

Әңгімелескен: Светлана БЕККУЖИЕВА

18 қыркүйек күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде Орал қалалық ішкі саясат бөлімінің қолдауымен БҚО Ішкі саясат басқармасы, БҚО Дін істері департаменті, Орал қалалық ішкі саясат бөлімі, «Жайық» деструктивтік діни ағымдардан жапа шеккендерге көмек орталығы, «БҚМУ «Ақиқат» пікірталас орталығы» жастар қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен «Діни адасушылықтан саяси сауаттылыққа қадам» атты қалалық жоғары және арнаулы оқу орындары арасында пікір-сайыс турнирі болып өтті.

ДІНИ АДАСУШЫЛЫҚТАН САЯСИ САУАТТЫЛЫҚҚА ҚАДАМ

Оған жоғары және арнаулы оқу орындарының студенттері, Орал қалалық ішкі саясат бөлімі, БҚО Дін істері департаменті, «Жайық» орталығы мамандары қатысты.

Дебат ойындары арқылы жастар арасында діни көзқарастардың келіспеушіліктерін болдырмау, діни экстремизмге жол бермеу, олардың алдын-алу, сондай-ақ жастардың сын тұрғысында ойлауын дамытуды көздеген бұл сайыстан студент жастар аталмыш тақырып бойынша тәжірибе алмасып, жағымды ұсыныс, пікірлерін білдірді.

Елімізде түйткілді мәселенің бірі болып отырған жастардың теріс ағымдардың жетегінде кетуі және оның алдын алу жолдары қарастырылуда. Бұл мәселені шешу жолында облысымызда қаншама істер атқарылып жатыр, алайда, оның барлығы теріс ағымдарға кеткендерге көмек көрсетуге аздық етуде. Ендігі жерде жастарымыз өз тарапынан не істей алады, болашақта қандай ұсыныстар мен жобалар айтады деген бағытта, осы діни ахуалды болдырмау және оны шешудің тиімді жолдарын іздестіру мақсатында, жастардың шынайы ой-пікірін біліп, ұсыныстарын уәкілетті органдарға жеткізу мақсатында осы дебат ойындары оздырылған болатын.

«Үкімет» және «Оппозиция» болып сөз жарыстырған командалар діни ағымдардың алдын-алу, ҚР Дін туралы заңына тиімді өзгерістер енгізу, ағымдар тарапынан болып жатқан қаржы көзін анықтау, қаламыздағы мешітті бақылау сынды пікірлерін ұсынып, қазіргі мектеп қабырғасында жүргізіліп жатқан «Дінтану» сабағының оқулығын түсінікті етіп қайта даярлау қажеттігін атап өтті. Сондай-ақ арнайы сатылымға рұқсат етілген орындардан ҚР МДБ сараптамасынан өткен діни оқулықтарды оқу керектігі, Қазақстанда төрт мазнабты ислам дінінің Әбу-ханифа мазнабын ұстану қажеттігі айтылды.

Сайыс соңында «Жайық» орталығының төрайымы Ләззат Шағатай жастарға ҚР Дін істері агенттігінің төрағасы Қайрат Лама Шарифтің «Бір ұлт - бір дін» ұстанымының Ислам дінінің бөлінбейтінін, дәстүрлі ислам дінін ұстану негізіне сүйенгендігін түсіндіріп берді.

Пікір-сайысқа барлығы 7 команда қатысып, өз ойларын ұтымды жеткізе білген үздік командалар соңғы финалда анықталды. Ойын қорытындысында М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың «Жас қыран» және «Д.А» 2 командасы І және ІІ орындарды өзара бөлісіп, ұялы телефондарға, Ж.Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжнің «Серпін» командасы ІІІ орыннан көрініп, бағалы сыйлықтарға ие болса, қалған белсенді командалар да дипломдармен марапатталды. М.Өтемісов атындағы БҚМУ студенттері Бисембиев Нұрсұлтан «Үздік спикер» және Отарова Гүлнұр «Үздік төреші» номинацияларын иемденді.

Дебат ойындарына келген БҚО Дін істері департаментінің мамандары қоғам болып күш салатын келелі тақырыпқа қымсынбай, ізденіп, өз білім-біліктерімен, өз пікірлерін ортаға салғанына ризашылықтарын білдіріп, студенттерге сәттілік тіледі.

Жертва биологического террора - кто они?

Кужбанова Светлана Мажитовна

Психолог, «Центр помощи пострадавшим от деструктивных религиозных течений «Жаик»



Р
К
Е
Н

Рождение и расцвет множества религиозных течений, сект, культов, групп уже никого не шокируют. Подобно гигантскому монстру они запускают свои щупальца в наши семьи, дошкольные учреждения, школы и учебные заведения всех типов. Не секрет, что и объекты социально-бытового и культурного назначения заполнены пострадавшими от воздействия деструктивных групп adeptов. Вне всяких сомнений, они несут в себе угрозу. Все это действительно страшно, непонятно, но очевидно.

Остается фактом лишь одно: народ примыкает к ним, верит в их идеалы. Проблема ухода людей в секты принимает все большие и большие масштабы.

Уход человека в культ пагубно сказывается в первую очередь на состоянии семьи. Родители охвачены страхом, гневом, чувством вины и неверием в свои силы. Супруги, прожившие в браке долго и счастливо, также не выдерживают напряжения. Родные братья и сестры, находившиеся в очень хороших отношениях, чувствуют отторжение, если их навязчиво уговаривают присоединиться к культу, и по меньшей мере возмущение и обиду, когда видят, какую боль культист причиняет семье. Нередко в течение недель, месяцев и лет члены семей прилагают все усилия, чтобы сохранить хоть какую-то надежду на позитивное будущее.

Мать: Когда она сказала нам, что произошло, я впала в истерику! Я сказала: «Разве ты не знаешь, что это секта?»

Она только пристально посмотрела на меня и сказала: «Ты ошибаешься! Что такого в том, что я стала на праведный путь. Радоваться должна!».

Мать: Потом она переехала в штаб-квартиру группы. Теперь она уже не хотела видеть нас. Когда мы звоним туда и просим пригласить ее поговорить с нами, нам говорят, что ее нет рядом. Мы настоящему напуганы...

Мать: Мне тяжело наблюдать, она отвернулась от семьи, мы для нее враги. Что нам делать...?

Подобного рода беседы в «Центре помощи пострадавшим от деструктивных религиозных течений «Жаик» не единичны. К сожалению, количество обращающихся родителей, да и просто равнодушных к судьбе знакомого людей продолжает расти.

Когда Игорь и Лариса Михайловы (фамилии и имена изменены) узнали, что их двадцатидвухлетняя дочь Ирина присоединилась к «группе», их жизнь наполнилась теми же заботами, что и у любых родителей, чей ребенок попал в беду. Разумеется, они ничего не знали об этой структуре. Все представления о сектах сводились к портрету молодого человека «в коротких штанишках с бородой». Они наивно надеялись на благоразумие своей дочери, полагая, что человек с высшим образованием без труда оставит «группу», если почувствует какое-либо негативное влияние. Но время идет, с каждым днем дочь отдаляется от семьи. Изменилось поведение, образ жизни, стиль одежды Ирины. И вот уже Михайловы бессильны воспрепятствовать отъезду дочери...

Так в чем состоит успех деструктивных культов?

Успех их состоит в том, что они могут мобильно и гибко, чем скванные догмами Мировые религии, откликнуться на потребности все новых групп бедствующих. На психику человека, а в частности, на его эмоции, которые играют определенную роль в наших поступках, оказывают влияние совершенно посторонние люди. В секте происходит радикальное преобразование личности. Все ее приемы направлены на то, чтобы человек стал удобным, послушным, контролируемым, то есть полезным для секты. Как правило, легкими мишенями оказываются люди, испытывающие недостаток критического мышления. Например, людей, склонных к магии и колдовству, мистике, будет легче склонить на свою сторону пророчеством лидера культа или событиями, если они кажутся синхронными. Далее, люди типа «что вам угодно», ищущие одобрения своей группы из-за неуверенности в себе и низкого чувства собственного достоинства, более подвержены групповому давлению, осуществляемому вербовщиками культа. Те, кто отличается хорошей концентрацией и ярким воображением, более восприимчивы к гипнотическому внушению. То же самое можно сказать о людях, чрезмерно увлекающихся гипнозом, медитацией и другими практиками, стимулирующими «измененные состояния сознания» (вплоть до телевизора и компьютерных игр). Легкую мишень представляют собой люди, которым трудно учиться, которым трудно побороть наркотическую или алкогольную зависимость, у которых есть проблемы с сексуальной ориентацией или которые пережили травму изнасилования или хулиганского нападения, которые охвачены фобиями (боязнь высоты, воды, СГИДа, инопланетян, террористов, преступников). Культы ищут в человеке слабое место и эксплуатируют его, часто выступая с претенциозными заявлениями о том, что их группа способна решить все проблемы. Люди, не обретшие гармоничного, уверенного чувства собственного «я», легко

втягиваются в практику культов. С другой стороны, культы склонны избегать серьезно больных, а также физически или умственно неполноценных людей. Им нужны те, кто будет капиталом, а не обузой.

Более уязвимыми для вербовки делают людей и некоторые ситуации. Например, человек, родители которого недавно развелись, с большей вероятностью будет прислушиваться к вербовщику, описывающему свою группу как «одну большую счастливую семью». Так же и человек, чей роман или брак только что закончился, будет весьма заинтересованно реагировать на стремление произвести впечатление, исходящее от привлекательного существа противоположного пола. Утрата близкого человека, болезнь, потеря работы, окончание учебного заведения и переезд на новое место — эти и другие сложные ситуации делают нас особенно чувствительными и уязвимыми. Ситуационная уязвимость имеет место в жизни каждого человека. Легко заметить, что люди наиболее уязвимы перед привлекательным вербовщиком, который к тому же обещает любовь и внимание.

Мать: Моя двадцатилетняя дочь Анна — студентка колледжа.

В один прекрасный день она сказала, что ходит на занятия по изучению Корана и хочет научиться читать намаз. Естественно, я была очень довольна.

Мать: Теперь моей радости пришел конец. Дочь все время возмущается по поводу того, что все люди бездуховны и безнравственны. Она почти перестала посещать колледж, часто меняет место жительства, перестала общаться с прежними друзьями, нигде не ходит, даже просмотр телевизора для нее грех. Я так расстроена и не знаю, что делать?!

Психолог: Расскажите подробнее, как называется группа, в которую вы попали?

Анна: Это не секта.

Психолог: Кто является местным лидером? Кто является мировым лидером?

Анна: Это Ислам... Я сама приобрела литературу и изучаю ее. И намаз по листочку читать училась, сначала было тяжело, а потом научилась.

П: Какая у вас дома есть литература? Где вы ее приобретаете?

Нет ответа.

Мать: Она говорит заученными фразами. У нее на все вопросы готов аргументированный ответ. Всех нас обвиняет в бездуховности.

Мать: Я не узнаю свою способную, сердечную и любящую дочь.

Еще одна история, показывающая, что девушка находится под контролем культа. Все аспекты жизни Анны — занятия, отношения, финансы под пристальным наблюдением более опытного члена группы.

Подозрения вызывает уже тот факт, что она не называет ни имен, ни фамилий, ни адресов. Однако, некоторые семьи в течение многих лет отказываются признавать, что близкий человек входит в культовую группу.

Нередко поклонение культу приводит к фатальному исходу.

32-летняя девушка А., получившая высшее образование, покончила жизнь самоубийством. В 2009 году она получила квартиру, казалось теперь живи и радуйся. Не найдя работы, оставшись без средств для существования, в одиночестве, голодная, она попала в сети одной из тоталитарных групп. Жизнь в культе не дала ни работы, ни пропитания, на голодный желудок не намолишься. В результате внутренних разногласий, переживаний, в депрессивном состоянии, девушка нашла выход — выбросилась с 10 этажа...

Многим людям трудно поверить, что яркие, талантливые люди — часто из хороших семей и с высшим образованием — могут попасть под контроль культа. Они не в состоянии понять, что культы преднамеренно вербуют «ценных» людей, — они буквально охотятся на умных, равнодушных, целеустремленных. Им нужны adeptы, которые будут упорно трудиться. Как правило, это идеалисты с хорошо развитым чувством социальной ответственности. Они с максимальной самоотдачей стремятся внести положительный вклад в жизнь человечества.

«Я — взрослый человек. Вы не имеете права вмешиваться в мою жизнь!»

Сопротивляться вмешательству в жизнь взрослых родственников или друзей — нормальное явление. В самом деле, закон утверждает, что, как только люди достигают совершеннолетия (обычно восемнадцати лет, но в некоторых странах — двадцати одного года), они сами отвечают за свои действия. Однако культовый контроль сознания ослабляет способность человека к принятию зрелых решений. Члены семьи и друзья осознают, что что-то неправильно, особенно на начальной стадии вовлечения. Но они часто отступают, когда взрослый участник культа говорит: **«Не указывайте, что мне делать. Я — взрослый человек. Не пытайтесь контролировать мою жизнь»**. Люди не понимают, что это — тактика, нацеленная на нейтрализацию возражений и стимулирующая пассивное принятие сложившегося положения вещей. Культисты часто угрожают отказаться от любых контактов, если с ними не будут «обращаться как со взрослыми».

Тот факт, что человек достиг совершеннолетия, еще не означает, что он действует с присущей взрослому человеку ответственностью. Например, под гипнозом человека можно вернуть в детство. Он думает, чувствует и действует как ребенок. Это становится его «реальностью». Лидерам множества культов свойственно требовать от своих adeptов, чтобы они стали подобными «детьми Бога». Преклонение ребенка перед фигурой родителя — это как раз то, что необходимо лидеру культа, стремящегося полностью контролировать ситуацию.

Как быть, что делать....

Делать все возможное, чтобы спасти близкого вам человека. Не расслабляйтесь, не будьте пассивными, ожидая, пока он уйдет сам. Делать все, что в ваших силах, чтобы спасти его теперь, — потому что в какой-то трагический момент любые действия могут оказаться бесполезными.

Следует напомнить ему, что любовь дает право быть заинтересованным лицом. Если близкий человек находится во власти деструктивного контроля сознания, родственники и друзья имеют право и даже просто обязаны предпринять меры по пресечению этих процессов, дабы вернуть человеку способность думать независимо.

У некоторых членов семьи в ответ на участие близкого человека в культе проявляется форма посттравматического стрессового расстройства (ПТСР). Родители мысленно представляют себе, как их ребенок совершает самоубийство, даже когда для этого нет оснований. Когда у людей возникают навязчивые мысли и тяжелые чувства («Боже мой, не собирается ли он покончить с собой?»), их парализует страх. Они тратят время, денно и нощно думая, что должно произойти самое страшное. Вовлеченность близкого человека в культ порождает сомнение, неуверенность и страх перед неизвестностью. Некоторые опасения обоснованы, но ни одно из них не следует преувеличивать. Лучшая реакция на страх — иметь план или много планов, чтобы подготовиться к любым непредвиденным случаям. Существует также множество методов, которые помогут вам вернуть в семью попавшего под влияние культа adeptа.

Многие люди еще не осведомлены о том, как культы проявляют свое разрушительное влияние. По-прежнему обходя стороной вопросы, связанные с деструктивными течениями, продолжаем отрицать, что данная проблема касается нас всех. Пока мы пытаемся понять и найти ответы на вопросы как? откуда? почему? — число жертв биологического террора растет. Любимый человек и любые отношения могут подвергнуться влиянию культовой вовлеченности. Культы воздействуют на всех нас. Подумайте о людях, которые окружают вас в жизни. Не пришло ли время объединения и ополчения против культов и сект...?



№ 11 (868) Кыргызтик 2011 жыл





Құттықтаймыз!!!

Ұстаздар мерекесіне қарсаңында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің тарих және құқық факультетінің ардагер ұстазы, тарих ғылымдарының кандидаты **Қожабергенава Хамида Иксанқызы 65 жасқа** толып отыр.



Құрметті Хамида Иксанқызы, сіз білім саласында қызмет еткен 40 жылда еліміздің гүлденуі мен көркеюіне өзіндік үлесін қосқан білімді де білікті шәкірттер тәрбиелей білдіңіз. Өзіңіз білім нәрімен сусындатып, түйетіп ұшырған сол шәкірттеріңіз бүгінде әрсаладабыр ойлы еңбек етіп, өз орталарында үлкен құрметке бөленіп жүр. Олардың арасында ұйымдастырушылық та, іскерлік те қабілеттерімен дараланып, басшылық қызметте отырғандары да жоқ емес. Ұлағатты ұстаздың жақсы тәлім-тәрбиесі мен өсиеті ешқашан шәкірт жадынан өшірілмейді екен. Өзіңіздей ұстаздың алдын көрген біз үнемі мақтан тұтып жүреміз.

Хамида апай, сізді 65 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтай отырып, ұзақ жылдық тер төккен ерен еңбегіңіздің зейнетін көріп, отбасыңызбен бірге ұзақ та баянды ғұмыр кешіңіз деген тілек білдірміз!

Үгі тілекпен: Тарих және құқық факультетінің ұжымы және өзіңіз біліммен сусындатқан, ұстаздық қызметке қанаттандырып, тәрбиелеген бір топ шәкірттеріңіз.

СПОРТ жаңалықтары

Орал қаласында жазғы мезгілде волейболдан ұлдар арасында қалалық жарыс болып өтті.

Төрт айға созылған жарысқа барлығы 32 команда қатысты. Үздік ойын көрсеткен 4 команда финалға шығып, М.Өтемісов атындағы БҚМУ командасы жүлделі 3 орынға қол жеткізді.

Ойын бапкері – М.Өтемісов атындағы БҚМУ оқытушысы И.С.Абдрахманов

ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде студенттер арасында 20-24 қыркүйек күндері шағын футболдан жарыс өтті.

Жарысқа университеттің факультеттері мен колледжінен 7 команда сынға түсіп, тамаша ойын көрсетті. Жарыс қорытындысы бойынша 1 орынды тарих және құқық факультеті, 2 орынды педагогикалық факультеті, 3 орынды жаратылыстану-математикалық факультетінің командалары иеленді. Жақсы ойын көрсеткен «Үздік шабуылшы» аталымына жаратылыстану-математикалық факультетінің студенті Бақтияр Құрбанов, «Үздік қорғаушы» аталымына тарих және құқық факультетінің студенті Ернар Жұмағалиев, «Үздік қақпашы» аталымына педагогикалық факультетінің студенті Алексей Кордюков ие болды.

Ойында оқытушы Б.Балыков бас төрешілік етіп, жүлделі орындарға ие болған командаларды спорт клубтың арнайы дипломымен марапаттады.

Артық болмас білгенің...

Тістерімізді күніне үш рет тазалап тұруымыз керек. Тіс пасталарының тіс күтімі турасында әсері көп болмағаны секілді тіс міндетті түрде сүттей ақ болуы керек деген қағида жоқ.

Тіс щеткаларын таңдағанда орташа қаттылықты, оқшау қуыстарына жететін және міндетті түрде пластикалық щеткаларды қолданған жөн. Өйткені қылдан жасалған щеткалар доңыз немесе ат қылдарынан жасалады. Қылдар көп мөлшерде су сіңдіреді. Әрбір қыл талшығында болатын саңылаулар бактериялардың көбеюіне өте қолайлы болып табылады.

Бір тіс щеткасын бір адам қолдануы керек және 3-4 айда ауыстырып тұру керек. Тіс тазалағанда тіс пастасымен тазалау мәжбүрлігі жоқ. Аз мөлшерде тұзбен немесе содамен де тазалауға болады. Пастамен қолданғанда нохат мөлшеріндегі ғана жеткілікті. Щеткамен тазалағанда тіс еттеріне де массаж жасалуы керек. Алғашқыда тіс еттері қанайды, бірақ жүйелі түрде тазалау



арқылы тіс еттері беріктенеді. Щеткамен тазалау еттен тіске қарай бағытталуы керек. Аузында тіс тастары болғандар көп кешіктірмей тіс дәрігеріне көрініп тазалатуы керек.

Ауыз және тіс күтімінде мисуак қолданудың да маңызы өте зор. Хош иістілігі және алып жүру қолайлығы жағынан да тиімді. Мисуакты тұрақты қолданғандарда тіс шірігінің тоқтағаны, тіс еттерінің мықты болғандығы, ауыз иістерінің қалмағандығы байқалады. Мисуак Арабстанда өсетін Эрак ағашының бұтағы.

Тіс жіптерін де щетканың жете алмаған тұстарында қолдануға болады.

Разминка для ума

	Пицца	К/ф "Белорусский ..."	"Работодатель" сапера						
			Вид дивана	Судан	Репейник				
	Паяльный металл	Район обитания							
			Меньшее из двух	Вытянутый холм	Азиатская водка				
Подрамник	Кипяток	Драгоценный камень	Полное разрушение						
		Цветочный горшок	Карточная хитрость	Изобретение телефон	Клякса по сути	"Пульс" мелодии			
Тяжелая ...	Кольцо из ромашек		Кассиус Клей	Тестобродяга					
		Волнение моря	... Каренина		Шлюпка				
Чудо в профиль			Конец чего-либо	... Делон	Летний месяц	День рож. ангела	Осада		
Закупоривает сосуд	Деньги Казахстана	Тьма	Высокая галоша		Ореол святого				
			Джип родины Ленина	Сборник рисунков			Тщеславный эстет		
Спад активности	Гладиатор в кино		Запрещённый цветок	Поперечная балка	ТАСС				
	Шалость шалуна	Казахский чин Разина		Столица Беларуси					
			Обряд	Винное содержание					
Моногамный мужик	Громила по натуре	Том ..., актёр			Отнятие				
			Эолова ...	Летний месяц	Катод (ант.)				
	Рыболовная снасть	Ее несут за королём							
				Удобный порядок					
Масса бомбы	Сюжет	Деньги Кабула							
				"20 000 ... под водой"					



ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӘЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті.
Газет айына бір рет шығады.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 26.01.2011ж. есепке алу туралы №11390-Г куәлігі берілген.
Индексі 090000
Таралымы 1000

РЕДАКТОР:
ШЫНТЕМІРОВА
Гіпсая Каримоллақызы

ТІЛШІ:
АСЫЛХАНОВА Елдана
ӨМІРАШЕВ Нұркен

КОРРЕКТОР:
БЕККУЖИЕВА Светлана
ОПРЯ Оксана Викторовна

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:
АБДУЛЛИНА Асель

ФОТОСУРЕТ:
Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет БАҚ және баспа орталығында теріліп, беттелді. «Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.

Сарайшық көшесі, 34, тел.: 50-76-52
Біздің сайт: www.wksu.kz
e-mail: IC_SMI@wksu.kz